



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЙЛАУ — АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ



Мемлекет басшысының жарлығы бойынша 20 қарашада өтетін ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын біреу қолдаса, біреу оның мерзімінен бұрын өтуіне өз қарсылығын білдіруде. Оны қолдау не қолдамау әркімнің өз еркі. Конституция бойынша азаматтардың сайлау және сайлану құқына кедергі келтіруге ешкімнің қақысы жоқ.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

МҰҒАЛІМ: САҒАТ ҮШІН ТАРТЫСҚАНДА САПАНЫ КІМ ОЙЛАЙДЫ?

«Ғалым да, шахтер де бас иетін, ұстазым бар сенің қасиетің» деп ақын жырлағандай, ұстаздарға деген құрмет әрқашан жоғары. Үнемі болмаса да, жылына бір келетін ұстаздар мейрамында біріміз алғашқы әріпті үйреткен, біріміз математиканың формуласын түсіндірген, біріміз көркем әдебиетпен табыстырған, біріміз тарихқа үңілткен мұғалімдерді еске алып, олардың еңбегін мойындайтынымыз даусыз. Мұндай сезім, әсіресе, аға буын өкілдеріне тән.

Ұстазды пір тұтқан, оның әр сөзін бұлжымас ережеге балаған кездер болды. Бұл сол кездегі түсінік, пайымымызға, алған өнегемізге көбірек байланысты болса керек. Өйткені, нені көбірек көрсек, неге көбірек сенсек, соған қол жеткізетініміз ғаламның айнымас заңдылықтарының бірі. Аға буын ұстаздарға деген құрмет пен сенім оларға өз кәсібінің алдындағы жауапкершілік жүгін ұғындырды, мамандығы үшін мақтанышын үстеп, мамандықтың ел тағдырындағы маңызын жүрегіне ұялатып, санасына сіңірді. Бұл іске күнкөріс үшін емес, жүрек қалауымен, үлкен

тәуекелмен келу қажеттігін сезіндірді. Осылайша елі ардақтаған мұғалімдер шын мәніндегі ұлт ұстаздарына айнала алды.

Қазір ше...Қазір ел болашағын тәрбиелейтін осынау киелі кәсіп әркімнің қолжаулығына айналғандай. Және бұған алдымен өзіміз, қоғам кінәлі десек не дейсіздер?! Жуырда бір танысыма сынып жетекшісі хабарласып, баласын басқа мектепке ауыстыруды сұраған. Өтініштің өзі емес, себебі қайран қалдырды. Егер мектеп бала үшін алыс болып, барып-келу қиындық тудырып жүргендіктен осындай ұсыныс айтылса әңгіме

басқа. Өкінішке қарай, мәселе мұнда емес, мәселе баланың бербеткейлігі, қиқарлау мінезінде екен. Сынып жетекшісі басқа балалардың мінезіне, тәртібіне кері әсер етеді деп, танысымның баласынан құтылғысы келеді. Яғни, өз жанының тыныштығы үшін баланы үйренген ортасынан аластай салу ниеті бар. Мектеп ауыстырудан баланың алатын психологиялық жарақаты, бұл жағдайдың оның кейінгі тағдырына тигізер теріс әсері ұстазды мүлде ойландырмайтын сияқты. Өзінің айтқанынан шықпайтын оқушылармен ғана жұмыс істеп, ешнәрсеге бас ауыртпай жүргісі келеді.

Шын мәнінде баланың мұндай қикар болуы бір түйткілдерге байланысты шығар? Бәлкім, бұл мінез іштегі бұғып жатқан таланттың көзі болуы мүмкін. Онымен жұмыс істеу арқылы бала қабілетін оятып, дамытуға болар. Сөйтіп, елге қызмет ететін үлкен бір тұлға өсіп шығар одан.

(Соңы 6-бетте)

СҮЙІНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр. Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Омаралы ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы:

«КӨШІ-ҚОНҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАСАУ — БІРЕУЛЕРДІҢ БИЗНЕС КӨЗІ»

– Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайының өткеніне биыл 30 жыл толды. Бұл мерейтойды қауымдастық қалай атап өткелі отыр?

– Бұл шараға орай жеке өзім биыл Алматы филиалының атынан Шалқар радиосында 2 рет сұхбат бердім. Жақында Жамбыл атындағы филармонияда есімі Қытайда да, Қазақстанда да танымал Күлмән Шүләнбайқызы деген апамыздың кеші болады.

(Соңы 5-бетте)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты қабылдап, баяндамасын тыңдады.

Министр Президентке құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстарды ашу, тергеу бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресу, жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты нығайту мақсатында қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берді.

Қабылдау кезінде Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Атап айтқанда, интернеттегі алаяқтыққа, есірткі бизнесіне және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес күшейтілді. Бүгінде отбасылық-тұрмыстық жанжалдан

туындайтын құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп отыр. Сондай-ақ, Марат Ахметжанов Ресей Федерациясы азаматтарының елімізге келуіне байланысты ішкі істер органдары қабылдап жатқан шаралар туралы айтып берді. Бұдан бөлек Мемлекет басшысына Ішкі істер министрлігінің – бюрократиядан арылту, цифрландыру және жұмыс процесін автоматтандыру, ішкі рәсімдерді оңтайландыру бағытында аткарып жатқан қызметтерінен ақпарат берілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға, сондай-ақ, көші-қон мәселесіне тиімді бақылау жүргізуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

AKORDA.KZ

БАС ПРОКУРАТУРА

ПРОКУРАТУРА БИЗНЕСТІҢ МӘСЕЛЕСІН БІРІГІП ШЕШУГЕ ӨЗІР

2022 жылғы 29 қыркүйекте Бас прокуратурада Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі, «Атамекен» ҰКП, негізгі министрліктер басшыларының, Парламент депутаттарының, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар, бизнес және адвокаттық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін шешу бойынша Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру қорытындылары талқыланды.

Іс-шараны ашқан Бас прокурор Берік Асыллов қазіргі жаһандық сын-қатерлер мемлекет және кәсіпкерлер үшін де жаңа «ойын ережелерін» талап ететінін айтты. Сондықтан өзара әрекеттесудің жаңа деңгейі қажет болатынына назар аударды. Бұл ең алдымен, бизнесті заңсыз тексерулерден және әкімшілік кедергілерді қысқартудан қорғауға, кәсіпкерлерді қылмыстық шеңберге негізсіз тарту фактілерінің жолын кесуге, сондай-ақ, осы салаларды цифрландыру мен автоматтандыруға қатысты.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында тексерулерді 7 есеге қысқартуға қолжеткізілді. Тексерулер субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (ТСОБТ) автоматтандырылған жүйе арқылы жыл сайын мыңдаған заңсыз тексерулердің жолын кеседі.



Соңғы бір жарым жылда 35 мың кәсіпкерге қатысты 1,5 млрд теңгеге әкімшілік айыппұлдар алып тасталды.

Бизнес өкілдері Бас прокурордың биылғы 2 қыркүйектегі қылмыстық қудалау органдарының атына адал кәсіпкерлерді қылмыстық процеске заңсыз тартудан қорғайтын тетіктер мен нақты ережелер жазылған нұсқауын оң бағалады. Жаңа талаптарды орындау қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп отыр.

Егер бұрын кәсіпкерлерге қатысты ай сайын 150-ге жуық қылмыстық іс тіркелген болса, қазір олардың саны төрт есеге азайды. Жалпы, биыл бизнес субъектілеріне қатысты заңсыз қозғалған 400-ден астам қылмыстық іс тоқтатылды. Сондай-ақ, қадағалау органында бизнестің әрдайым заңнама талаптарын сақтай бермейтіні атап өтілді. Қаражатты заңсыз

қолма-қол ақшаға айналдыру, салықтан жалтару, капиталдың жылыстауы жалғасып келеді. Әсіресе, үлестік құрылыста, еңбек құқықтарын және басқа да салаларда бұзушылықтар кездеседі.

«Бизнеске қолдау көрсете отырып, мемлекет сіздердің заңдарды мүлтіксіз орындайтындарыңызға сенеді», – деді Берік Асыллов.

Өз кезегінде, «Атамекен» ҰКП төралқа төрағасы Райымбек Баталов прокуратура органдары құрылып жатқан экожүйенің маңызды бөлігі, ал кәсіпкерлер мен негізгі министрліктердің қадағалау органы баяндады. Бизнес-омбудсмен аумақтық прокурорларды жұмылдыруды қажет ететін кәсіпкерлерді бірқатар проблемаларын ортаға салды.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

қорғау органдарының ардагерлері А.Сыпачев пен А.Уәлиахметовты құттықтады. Ардагерлерге құрмет көрсету бейресми жағдайда өтті. Қарттарға көп жылдық еңбегі, жинақталған тәжірибесі үшін алғыс айтылды. Дәстүр бойынша гүл шоғы табысталып, материалдық қолдау көрсетілді.

Өз кезегінде, шақырылған қонақтар көрсеткен ыстық ықыласы үшін ұжымға алғысын жеткізіп, қызметтегі жылдары туралы өз әсерлерімен бөлісті.

Бұл күні облыстық ТЖД барлық бөлімшелерінде аға буынның атына мерекелік құттықтаулар айтылды. Егде жастағы адамдарға өз еңбегінің бағанатынын, атының ұмытылмайтынын білу маңызды.

Қостанай облысының ТЖД Кадр саясаты басқармасы

ҚҰҚЫҚ

ЖОҒАРҒЫ СОТ

Жоғарғы Соттың кезекті жалпы отырысының күн тәртібінде «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысына, сондай-ақ, азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша Жоғарғы Соттың кейбір нормативтік қаулыға (бұдан әрі – НҚ) өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралды. Оларды әзірлеу заңнаманың өзгеруіне байланысты жүргізілуде.

НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ – БІРЫҢҒАЙ ТӘЖІРИБЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ



Бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген Жоғарғы Соттың судьясы Гүлмира Жүсіпбекова жаңа заңдарға сай банктік қарыз шарттарын жасасу тәртібі өзгертілгенін, жеке тұлға өтініш жасаған күннің алдындағы алты ай ішінде шетел валютасында кірісі болмаған жеке тұлғаларға, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарды шетел валютасында беруге тыйым салынғанын атап өтті. Сондай-ақ, банктік қарыз шарттары бойынша дауларды міндетті түрде сотқа дейін реттеу көзделген.

Банк қарыз алушыны төлем мерзімі өтіп кетудің, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаудың салдары туралы хабардар етуге міндетті. Ал қарыз алушы өз кезегінде банктік қарыз шартының талаптарын қайта қарау үшін банкке жүгінуге құқылы. Банк өз шешімі туралы арыз иесіне күнтізбелік 15 күн ішінде хабарлауы тиіс.

Бұдан басқа, кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдануға жол берілмейтін жағдайлар өзгертілді. Мәселен, төмендегідей шарттар орын алса:

- орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбын, айыппұлды, өсімпұлды есепке алмағанда) тараптар кепіл туралы шартта айқындалған, кепілге салынған мүлік құнының 10%-нан кем болса;
- кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені

орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі 3 айдан кем болса кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің бұзылуы болмашы деп танылып және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады.

НҚ-да соттың жауапкерге тұрақсыздық айыбын төмендету туралы арыз беру құқығын түсіндіру қажеттілігіне, сондай-ақ, соттың шешімде тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайту туралы дәлелді тұжырымдарды баяндау міндетіне назар аудартылды.

Жоғарғы Соттың судьясы Баян Токтарова «Жоғарғы Соттың кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік қаулының жобасын ұсынды. Соған орай, қолданыстағы 5 НҚ-ға редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізу ұсынылды.

Талқылау қорытындысы бойынша жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулының жобаларын қабылдауға дауыс берді.

НҚ жобаларымен Жоғарғы Сот сайтының «Заңнама» бөлімінде танысуға болады. НҚ мәтіндері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланатын болады.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ІССАПАР

СОТТАЛҒАНДАР ҚҰҚЫҒЫ МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛАДЫ

ҚР ІІМ ҚАЖ КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ӘДІЛЕТ ПОЛКОВНИГІ Дамир Тайжанов жұмыс сапарымен Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне келді.

Дамир Әнуарбекұлы өңірге жасаған жұмыс сапары барысында алдымен ҚАЖ мекемелерін, ондағы тұрғын үй-жайларды, асханаларды, өндірістік аймақтарды, сондай-ақ, медициналық бөлімдерді аралап шықты.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты №60 мекеменің өндірістік аймағында 13 жеке кәсіпкер өз кәсібін ашқан. Атап айтар болсақ, бұл жерде тротуар плиталары, құм блогы, газоблок, ағаштан жасалған көленер бұйымдары және гипстен жасалған ойыншықтар тігін цехында мұнай-газ өндірісінде жұмыс істейтін қызметкерлерге арнайы киімдер тігілуде.

Мекемелерді аралау барысында тергеу изоляторы мен тұзеу мекемелеріндегі сотталғандардың арыз-шағымдарын, өтініштерін саусақ таңбасының көмегімен өкілетті органға жөнелтілетін электронды терминалдардың жұмыс барысымен танысты. Мекемелерді бейнебақылау жүйелерімен



толықтай қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарға ерекше назар аударып, сотталғандардың ұсталу жағдайы мен олардың құқықтарының сақталуы жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар, жауаптыларға сотталғандар еңбек ететін жұмыс орындарын құру үшін жеке кәсіпкерлерді мекеменің өндірістік аймағына тарту бойынша жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, Д.Тайжанов арнайы контингенттің өтініштері мен арыздарын беруге арналған терминалдардың жұмысын тексерді.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Д.Тайжанов ҚАЖ өңірлік департаментінің басшылығымен және жеке құрам қызметшілерімен кездесу өткізіп, ҚР Президенті Қ. Токаевтың жолдауына сәйкес мекемелерде жаппай бейнебақылау орнату, сотталғандарды ұстау режимін қолдау бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, сотталғандардың құқықтарын мүлтіксіз сақтауға ерекше назар аударылды.

Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті

ШАРА

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ



Халықаралық қарттар күні – аға буын мерекесі. Бұл күн ардагерлерге құрмет, қамқорлық және қолдау білдірудің жағымды себебі.

Осы мерекеге орай Қостанай облысы ТЖД бастығының

орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі А.Оразов пен ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Мельников ҰОС ардагері мен ішкі қызмет подполковнигі Т.Әбілтаевтың жұбайы О.Әбілтаеваны, сондай-ақ, азаматтық

САЙЛАУ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, Орталық сайлау комиссиясына ұсыныс түсіп, ол ресми түрде тіркелмесе де, әлеуметтік желіде «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясының 30 қыркүйекте Астанада өткен кезектен тыс XX съезінің шешімін ғана емес, партияның Саяси кеңесі ұсынып, делегаттар тарапынан қолдау тапқан үміткердің есімін күлкіге айналдырушылар аз болмай тұр. Мәселен, фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында Камиша Есмұхамбетқызы «Өз атынан өзі ұялмайтын Жигули шалдар билейтін заман келе жатыр» десе, Ержан Шардарбекұлы: «Қазақстанның президенті кім? – Жигули. Бір түрлі емес пе?», – десе, Нұрғазы Сасаев: «тез арада ел ішінен Волга, Чайка, Нива, Запорожец, Камаз сынды казактарды іздеу керек болып тұрған сияқты ғой. Өлемді елендетіп, күлкіге қарық қылсақ» деп қағытқан. Ал Қанат Әбілқайыр: «Сонымен, Даудың басын Дайрабайдың көк Жигулиінен» бастап жібердік пе?» деп қағытса, Серік Жолдасбай: «Жигули Хаммермен жарысамын дей ме?» деп отқа май құя түседі. Дүрмекке қосылған Сәуле Әбілдаханқызы да: «Жигули Дайрабаев деген президент боламын деп, Токаевпен таласып, тіркеліп алыпты... Ақыры президент болатын болса, алдымен Мерседес немесе Тойота деп атын өзгертіп алуы керек еді... Жигулиге кім қызықсын... Токаев мырза, тай мен тайыншаларды тіркеп ұятқа қалмай, құнан жарыс, дөнен жарысқа, яғни өзіңізге лайықты бәсекелес болатын «нәрмәлни» кандидаттарды тіркесенізші» деп тілегін жазыпты.

«Қазақстан фермерлер қауымдастығының және «Атамеке» ұлттық кәсіпкерлік палатасы Агроөнеркәсіп кешені комитетінің төрағасы, «Ұлттық құрылтайдың» мүшесі Жигули Дайрабаевтың «Ауыл» партиясы үміткер ретінде ұсынып отыр. Ол кісі жұрт мазаққа айналдыратындай осал тұлға емес. Ғалым-агроном ретінде жұртты мойындатқан Дайрабаев 1990–1995 жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты да болған. Азаматтық кодекстің «Азаматтың есімі» туралы 15-бабының 9-бөлігі бойынша азаматтың есімі оның абыройына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әдістермен немесе сондай нысанда бұрмаланған не пайдаланылған жағдайда

осы кодекстің 143-бабында көзделген ережелер қолданылады. Ал «Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау» деп аталатын 143-бап бойынша: 1. Азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы. 2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретіндей мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз айтқан ойларын теріске шығаруға тиіс... Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді. Ал осы баптың 6-бөлігінде: «Азаматқа қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Моральдық зиянды өтеу туралы талапты қоспағанда, осы баптың азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы қағидалары тиісінше заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға осы кодексте белгіленген тәртіппен

залалдың орнын толтыру туралы қағидалар қолданылады.

Біз әлеуметтік желідегі талқыға байланысты Жигули Молдахалықұлының өзімен хабарласқан едік.

– Халқымызда «Ит үреді, керуен көшеді» деген жақсы бір даналық сөз бар. Менің есімім Ресейдің Самара облысындағы Жигули тауының құрметіне қойылған. Табиғаты көркем осы таудай елге пана болар азамат болсын деп әкем өзі қойған екен. Алайда соны жұрттың бәріне түсіндіріп жүруге бос уақытым да, ықылас-ынтам да жоқ. Әркім өзінің сөзі мен ісін сана-сезіміне қарай жасайды. Оны өзінің ұятына қалдырайық. Олардың әрқайсысының үстінен шағымданып, соттасып жүруге ар-намысым да жібермейді, – деді.

Жалпы, сайлауды елге іріткі салар пәле ету де, елге пайдасын тигізер шара ету де әрбір сайлаушының өз қолында. Сауатты қоғам таласқа түсуге талаптанған азаматтардың ата-бабасы қойған атын емес, жасаған ісін талқыласа жөн еді. Осындайда Ахмет Байтұрсыновтың өткен ғасырдың басында айтқан «Сайлау, рас, бәле болса – білімді, өнерлі халықтар ісінің бәріне басынан бастап, аяғына шейін неге сайлау кіргізеді?!» деген сөзі еріксіз еске түседі.

САРАПШЫ ПІКІРІ

Сайын БОРБАСОВ,
саяси ғылымдар докторы, профессор:

– Адамның атына қарап баға беру дұрыс емес. Ол мәдениетсіздік және сауатсыздық. Жалпы, халықтың сайлау мәдениеті қазір өсіп келе жатыр. Оған соңғы Президент сайлауына Ә.Қосановтың қатысуы да өз әсерін тигізді. Халықпен ойнауға болмайды. Сайлаудың өз деңгейінде өтуіне саяси партиялардың ықпалы өте зор. Өкінішке қарай, олар әлі әлсіз. Оппозициялық партияларда бірігу, топтасу жоқ. Бір ауыздан қолдап өз ортасынан бір кандидатураны шығарған жоқ осы уақытқа дейін. Биылғы сайлауда шығарамыз деп отыр ғой. Кім біледі, жемсе-жемсе келгенде әркім өзіне тартып, бір-біріне қимай қалып жүрмесе. Қызғаныш болмаса оппозиция баяғыда табысқа жетіп, билікте болмаса да, Парламентте отырар еді.

Сайлау мәдениеті жоғары болу үшін еліміз оны әділ өткізуге тырысу керек. Бірінші, әділетті сайлау әлеуметтік әділдіктің кепілі. Екінші, әділетті сайлау халықтың психологиялық ахуалын жақсартады. Егер сайлауда билік өзінің әкімшілік ресурстарын қолданып дауыс ұрлап жататын болса, онда қоғам өзі кері кете бастайды. Бәрі өтірік, бәрі жаман деп адамдардың психологиясы да бұзылады. Саясатқа, билікке деген сенімсіздік артады. Ол түптің түбінде мемлекеттіліктің наиарлауына әкеледі. Сондықтан сайлау процесі өте маңызды процесс. Ол демократияның алысшарты. Егер біз сайлау процесін дұрыс өткізе алмасақ, демократияны қабылдай алмадық деген сөз. Ал сайлауды әділетті, дұрыс өткізсек шын мәніндегі демократиялық қоғам орната аламыз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

ШЕКАРА АШЫҚ – ШЕНДІЛЕР ҚАМСЫЗ

Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс басталғалы бері 1,7 миллион ресейлік азамат біздің елге өткен. Бұл ресми тіркелгені. Ал заңсыз өткені қаншама. Кейбіреулерінен суық қару да табылған. Бір қызығы, ресейлік үкімет мобилизация жасап тұрып, шекарасын ашық қалдырған. Бұл қалай?

Путиннің жарлығы шығысымен бейбіт өмірді аңсаған халық бізге ауа бастады. Өзгеге өзінікіндей жанашырлық танытқан бабалардың мейірімділігін қайталағысы келгендер көршілерді құшақ жая қарсы алды. Тек бұл жолы жылы жүректі «казекеннің» санасын тұрмыс билеп, бір «майсөкті» күтетіндей.

Келді делік. 500-800 мыңдап пәтерімізді жалға бердік делік. 1 ай өтер, 2 ай өтер, 3-ші айды да төлер. Бірақ келген қонақтың да ақшасы бітеді ғой. Ақшасы біткен келімсектің қылмыс жасап, ұрлық пен тонауды көбейтетіні талассыз. Осыдан кейін халықтың әлеуметтік жағдайы ушықпай қайтеді? Шет елдік азаматтар медиа саласынан бастап барлық салаларға еніп, көп жерлестеріміз жұмыссыз қалуы мүмкін.

Жұмыссыздық дегеннен шығады, ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың көші-қон мәселесіне қатысты өткізген кеңесте сөйлеген сөзі де ел ішінде бірнеше жікке бөлінген пікірді тудырды. Өз сөзінде Үкімет басшысы «Елдегі құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейту, сондай-ақ, келіп жатқан ресей-

ліктерге жәрдем көрсету керек. ЕАЭО заңнамасына сәйкес, оларды уақытылы тіркеп, еңбекпен қамту мәселелерін қарастыру қажет. Бұл орайда жалға берілетін тұрғын үй нарығындағы ахуалды тұрақтандыру маңызды», – деді.

Желі қолданушыларының бір бөлігі қазақстандықтар арасында жұмыссыздық мәселесі күн тәртібінен түспей тұрғанын алға тартып, «Жұртты жарылқамай тұрып, өзіміздің жараны жазып алайық» десе, екінші тарап Премьер-министрдің ұсынысын қолдады. Ең қиыны, әлемдік санкция салынған елдің азаматтарына қамқорлық танытқанымыз үшін бізге де бірнеше шектеу салынуы мүмкін.

Шекара асқан жұрттың көңілін қалай табамыз деген Үкімет қымбатшылық жайын жөндеуге мүлде қауқарсыз. Жауырды жаба тоқумен келе жатқан олардың дәл қазір күйіп тұрған баспана бағасы мен пәтеракы көлемін тұрақты ұстап тұруға пәрмені жетеді деп те сеніммен айта алмайсың.

Бұл мәселені шешуге орай ел ішінде түрлі кеңестер айтылып жатыр. Белгілі заңгер Шыңғыс Сейфулла өз жазбасында жалға берушінің пәтеракыны ескер-

тусіз көтеріп, үйін босат деп талап етуге құқығы жоқ екенін көрсетті. Заңгер әлеуметтік желідегі парақшасында: «ҚР Азаматтық кодексінің 546-бабы бойынша: жалдау құнын өсіруге дәлелді және заңды себептер болуы керек. Екіншіден, жалдау құнын өсірудің заңмен қатаң бекітілген тәртібі бар. Пәтер иесі сізге жалдау құнын өсіру туралы жазбаша хабарлама жіберуі керек. Онда ол дәлелді себептер келтіруі тиіс. Мәселен: инфляция, тарифтердің өсуі және т.б. Ол талаппен келіспеген жағдайда, араларыңыздағы дау тек сот арқылы шешіледі. Полицияда, прокуратурада емес, сотта!», – деді.

Сондай-ақ, заңгер егер де үй иесі ескертусіз есігіңізден еніп, қонырау шалып, қызметіне жүгінуге кеңес етеді. Ондай жағдайда Қылмыстық кодекстің 389-бабымен арыз қабылданып, полиция қызметкерлеріне келісімшартты, жалдау ақысын төлеу туралы түбіртектердің көшірмелерін беру керек. Жазба соңында заңгер «Еңсензіді көтеріп, өз құқықтарыңызды аяқ-

асты етпеңіздер!», – деп, үндеу тастады. Осылай болды дегенін өзінде, бұл амалдың уақытша ғана паналай тұруға жәрдемі тиюі мүмкін. Қалай десек те, халық атамекеңіне қайтарылмай, аталған әлеуметтік мәселелердің онтайлануы екіталай. Ол туралы Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов та ойын білдірді. Айтуынша босқындарды Ресейге қайтару мүмкіндігі бар екен. Тек талаптарға сай келу керек. «Өңгіме мобилизация туралы емес. Мен мобилизация туралы емес, тіркелген, санкцияланған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және халықаралық іздеу жарияланған қылмыскерлер туралы айтып тұрмын. Әскери комиссариаттар іздесе, бұл оларды экстрадициялауға заңды негіз болып табылмайды. Егер бұл қылмыстық құқық бұзушылық болса, Ресей тарапынан да, біздің тарапымыздан да Минск конвенциясы аясында және біздің Парламент ратификациялаған құқықтық көмек көрсету бойынша да келімсектерді ұстап беру жайы жүргізіледі, – деді Марат Ахметжанов.

Бәрін айт та, бірін айт! Ең қорқыныштысы, біздің елімізге бір сәтте 1,7 миллион РЕСЕЙЛІК келді. Олардың да сұрауы бар емес пе?! «Біздің азаматтарымызға Қазақстан билігі қысым жасап жатыр» деген сылтаумен көршіміз иүйліксе не істейміз? Көздеген балығын аулау үшін қармаққа нан байлап отырған болса ше?

Бұл тиісті тараптардың ресми ақпаратты мен халық арасында қызу талқыға түскен пікірлердің бір легі ғана. Түйінді өзіңізде...

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Автомобиль жолдарын жөндеу мен жаңадан салуда ең қажетті құрылыс материалының бірі саналатын битум өндірісінде мемлекеттік бақылауды күшейту қажет. Бұл бағытта қолданыстағы заңнамаға жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі де күн тәртібіне шығарылуда.

ЖОЛ ЖАМАН БОЛСА... АТАҢ ДА СҮРІНЕДІ, АТАН ДА СҮРІНЕДІ



Өзгеріс күтіліп отырған құжаттар қатарында – Азаматтық, Бюджеттік, Қылмыстық, Жер кодекстері мен «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Автомобиль жолдары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдар бар. Ол Алматыда тұңғыш рет өткен Орталық Азиялық жол конференциясында айтылды.

ТМД жолшыларының үкіметаралық комиссиясының төрағасы Бури Каримовтың айтуынша, Қазақстандағы автокөлік жолдарының сапасына қатысты Мемлекет басшысының сыны орынды. Жолды салу мен оны күтіп ұстауды бақылап, тексерушілердің көптігі мен ондағы құрылымдар мәселені шеше алмауда. Оған ел аумағы арқылы жеке көлігімен жүріп өткен сапары кезінде өзінің де анық көзі жеткен. Сондықтан жол сапасы неге төмен, оны қалай жақсартуға болады деген сауалдарға бұл конференцияда 20 елден келген мамандар бірігіп жауап іздеп көрді. Енді оның қаншалықты нәтижелі болары осы салаға жауапты құзырлы органдардың бір-бірінен тіл табысып, ортақ мақсатта күш біріктіруіне ғана байланысты.

Ал ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары Жамбыл Бақтиярдың пайымдауынша, жол құрылысының сәтті аяқталуының 50 пайызы дұрыс және тиімді шешім қабылдауға байланысты. Сондықтан жол жабындыларының сапасын арттыруда енді заманауи озық техника мен технологияларды енгізуге көбірек мән берілмек.

Жол сапасына қатысты бұл конференцияда сөз болған мәселенің бірі – битум. Қазақстанда битум тапшылығы бар. Ол туралы кезінде Президент те айтқан. Мәселен, былтыр тексерілген битумның 21 пайызы стандартқа сай келмесе, биыл бұл көрсеткіш 24 пайызды құрап отыр. Битум тапшылығы екі мәселеден туындайды. Біріншісі, Ресейден импортталатын битумға көршіміздің тарапынан қойылған шектеу. Егер мәселені үкіметаралық деңгейде келіссөз жүргізіп, шешетін болсақ елдегі битум тапшылығын жоюға болады. Екіншісі, өзімізде тапшылық бола тұра Шымкенттегі өндіріс орнына Қырғызстан мен Өзбекстанға битум экспорттауға рұқсаттың берілуі – дейді Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының бас директоры Замир Сағынов.

Құрылғанына биыл 3 жыл толған бұл орталық басшысының сөзіне қарағанда, тапшылықты жою үшін Ресейге ғана қарап отырмай, басқа елдерден де битум импорттау жағы қарастырылу қажет. Қазір олар министрліктің тапсырмасы бойынша, ирандық битумның бағасы біз үшін тиімді ме, тиімсіз бе деген мәселені зерттеп жатқан көрінеді.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанға жылына 1 млн тоннадай битум қажет. Егер автомобиль жолдарын салуда битум бізге мамыр-қараша айларында қажет екенін ескерсек, қалған уақытта отандық өндіріс орындары өз әлеуетін пайдаланбай қаңтарылып тұрады. Егер олар өз өнімін ыдыстарға құйып не қаптап арнайы орындарды сақтайтын болса, ішкі сұранысты қажетті деңгейде қамтамасыз етуге барлық мүмкіндік бар. Ал сұраныс ұсыныстан жоғары болған жерде ешкім сапаға мән бермейді. Мәселен, Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы жол битумына 2021 жылы – 1402, 2022 жылы 722 сынақ жүргізген.

Егер «Ауыл – ел бесігі», «Жұмыспен қамту» сияқты бағдарламалар аясында жергілікті елді мекендерде жүргізіліп жатқан жол инфрақұрылымына қатысты көптеген жобалардың орындалу сапасы орталық мамандар тарапынан толық сынақтан өтіп жатпағанын ескерсек, бұл бағыттағы атқарылатын жұмыстың ауқымы мен ондағы заңбұзушылықтардың көлемін ешкім әзірге нақты айта алмасы анық. Ал онда жұмсалған бюджеттік қаржының көлемі де млн-дармен емес, миллиардтармен есептеледі. Орталық мамандарының былтыр 2 млрд, ал биыл 1,6 млрд теңгенін сапасыз жасалған жолын мердігерлерге қайта жасатқаны соның дәлелі бола алады. Бұл орталық қызметі толықтай тиімсіздіктен емес, жергілікті бюджет тарапынан қаржыландырылып отырған кезде болып отырған жағдай. Яғни, орталық бөлімшелері әлі де жергілікті әкімдіктерге қаржылық тұрғыдан тәуелді екенін ескерсек, олардың өз қызметін барынша сапалы және тәуелсіз жүргізуіне әзірге толық мүмкіндік жоқ деуге болады.

Сондықтан жолшылардың сапалы битум тапшылығын жою үшін экспортқа тыйым салу туралы ұсынысы экономикалық тұрғыдан аса тиімді шешім деуге болмайды. Өйткені, ұсыныс пен сұранысты реттеуде мемлекеттік тетіктерге ғана арқа сүйеу монополистерге тиімді. Бұл қоғамдағы жемқорлық пен сыбайластықты азайтқанымен, оны түбегейлі шешуге мүмкіндік бермейді. Қоғам ашық және барынша тұрақты дамуы үшін монополиялық емес, классикалық нарық қалыптасуы керек. Онда сұраныс пен ұсынысты тек бағамен ғана емес, сапалық тұрғыдан да реттеуге мүмкіндік бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Семей, қазіргі Абай облысы, Көкпекті өңірінде тың игеру, егіс алқабын кеңейту кезінде «Ұзын-бұлақ» кеңшары (совхозы) құрылған-ды. Бұл 1950 жылдың соңы болатын, жаңа отау құрған Абайхан мен Марияның жанұясы осы жерге қоныс аударған болатын. Сол шақта, 1960 жылдың 10 ақпанында, мұғалімдер отбасында ұл бала дүниеге келді. Ол – Асқар Абайханұлы Сүлейменов еді.

САҒЫНЫШ

Асқардың әкесі Абайхан Сүлейменұлы 1936 жылы 10 мамырда туған, бүгінде зейнеткер. Анасы Мария Темірғалиқызы 1941 жылы 24 мамырда дүниеге келген. Ол кісі де бүгінде зейнетте. Асқар – отбасының тұңғышы. Одан кейін інісі Асан, үш қарындасы бар: Асыл, Сәуле, Сания. Барлығы отбасылы, ұл-қызын, немерелерін тәрбиелеп отыр.

Асқар мектеп табалдырығын Көкпекті ауданы Буденный атындағы кеңшарда, Ивановка ауылында (қазіргі Көкжайық) жеті жасында аттады. Орта мектепті Бесқарағай ауданы Үлкен Владимировка ауылында бітірген.

1977–1978 жылдары ПМК–2205 «Семсельстрой №22»-де алдымен оқушы, кейін тас қалаушы болып жұмыс істеді. 1978–1980 жылдар аралығында әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келді. Сол жылы жазда Ресейдің Свердловск қаласына Семей облыстық прокуратурасының жолдауымен заң институтына оқуға түсті. Емтиханнан ойдағыдай өтіп, төрт жыл Руденко атындағы заң институтын оқып бітіріп, құқықтану мамандығын алып шықты.

Асқар 1984 жылы Аягөз темір жол прокуратурасына тергеуші болып тағайындалды. Келесі жылы Үржар ауданының прокуратурасына тергеуші болып, артынан прокурор көмекшісі қызметін атқарды.

1993 жылы үш ай Үржар аудандық сотында әкімшілік және орындаушылық істер жөніндегі сот болып қызмет етті. Осы жылы Ақсуат аудандық сотының төрағасы болып тағайындалды. Бұл ауданда екі жыл аудандық сот төрағасы болып абыройлы қызмет атқарды. Бұрын орыс тілінде іс жүргізген Асқарға бұл жұмыс онай тиген жоқ. Ең бастысы, қазақ тілінде іс жүргізу, әрбір істің шешімін қағаз бетіне дұрыс түсіру, көшірмесін жазалаушыға тапсыру, үтір-нүктесіне дейін айна-қатесіз, анық жазудың бәрі тиянақты жұмыс жасауды талап

етті. Өзіне жүктелген істі талапқа сай атқару үшін маманға күндіз-түні демалыссыз жұмыс істеуге тура келді.

Ақсуаттағы аудандық сот төрағасының жұмысын ойдағыдай орындап, халық көңілінен шыққан Асқар 1995 жылы Семей қалалық сотына судья болып ауысты. Қалалық сотта жеті жыл табысты еңбек етті. Көптеген әріптестерімен тәжірибе алмасты, білімін шыңдады. Ол тұста ай сайын елуге жуық істі қарау жүктелетін. Әрбір іс адам тағдырымен байланысты болғандықтан, дұрыс та заңды, әділ шешім қабылдау керек болды. Сонда ғана жаның жай табады. Көп қиналып, түн баласы ұйықтамайтын кездері де болды. Өйткені, әрбір істің артында адам тағдыры тұрды. Бірақ Асқар қызмет барысында ешқашан сөгіс, ескерту алып көрген жоқ.

2002 жылы мамыр айында Шығыс Қазақстан облыстық сотына судья болып ауысты. Бұл қызметте екі жыл еңбек етті. Осы екі жылда көптеген сот істерін үйренді. Жауапкершілігі бірнеше есе артты. Әр іс бойынша аудандық соттардың шығарған шешім, үкімдеріне талдау жасап, дұрыстығын заңға сәйкес қарап, баға беру онай болған жоқ.

Асқардың еңбек жолы 2004 жылы сәуір айында Астана қаласының Алматы аудандық сотында жалғасты. 2005 жылы Есіл аудандық сотының судьясы болып тағайындалды. Астаналық сотта бес жыл қызмет етті. Бұл кезде басқа жұмысқа ауысу үшін сот саласында тәжірибесі мол, құқық қорғау құрылымдарында қызмет сатысынан өткен, жоғары сатыда қызмет етуге қабілеті бар мамандарды конкурсқа қатыстыратын. Сондай мамандар конкурсына Асқар да түскен болатын. Комиссияның шешімімен 2011 жылдың желтоқсан айында конкурстан өтіп, 2012 жылы 9 қаңтарда асыға күткен бұйрық қолына тиді. Бұйрықта: «Қа-

✎

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫЛЫҚТЫ ІСІМІЗБЕН КӨРСЕТЕЙІК

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт пен орын талғамайды. Кез келген мемлекет құқықтық жүйенің негізгі принциптеріне сәйкес, адалдықты және параға сатылмаушылықты, ашықтық пен жауапкершілікті басшылыққа ала отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді саясатын жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – паракорлық. Бірінші кезекте параберудің себептерін, паралудың жағдайларын анықтап алу міндет. Тек сонда ғана кеселді түп-тамырымен жоюға болады. Яғни, параберу де, пара алу да үлкен қылмыс ретінде саналатынын қоғамдық санаға қалыптастыру қажет.

Паракорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайды. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде.

Паракорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға өкілеті жететін қызметкерлер айналысатыны белгілі. Алайда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерді тарта

отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері белгілі. Кеселдің таралуына мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; құқық бұзушылыққа немқұрайды қарап, қызметтік тәртібінің төмендеуі; кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі; кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы ықпал етуде.

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарды шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни, бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Осы мәселеге қатысты іс шараларды ашық, жариялы түрде жүзеге асыру маңызды. Сонда ғана халық сенімінен шығатынымыз сөзсіз. Жемқорлыққа қарсы екенімізді өз ісімізбен дәлелдейік!

Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,
Қаракия аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

✎

КИЕ

ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ НЫШАНЫ – ТІЛ

Халықтың баға жетпес байлығы, елдіктің басты нышаны – тіл. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында және «Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында іс-қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде

қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген.

Елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Оның құндылығы жоғары. Мемлекеттік тілді күнделікті жұмысымызда қолдануымыз – тіл аясын кеңейтуге қосқан үлесіміз. Бұл жүзеге асырылуы қажет жұмыс.

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді қолдану әрбір қызмет-

кердің басты міндеті болып табылады. Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу Конституциямыздың талабы және соттарда мемлекеттік тілде жазылған құжаттардың, сот актілерінің сапасына жоғары талап қойылуы, мемлекеттік тілдің одан әрі қолданысын кеңейту сот жүйесінің негізгі міндеті болып қала бермек.

Мемлекеттік тілді ұлттың ұйытқысына ай-

налдыру өз қолымызда. Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс-қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін лауазымдардың тізбесі ҚР заңдарымен белгіленеді.

Тіл саясатының жүзеге асырылуына ұдайы назар аударып отыру, сол арқылы уақыт ағымына сай туындайтын жаңа мүмкіндіктерді

айқындау – жауапты мәселе. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту де зор мақсат. Мемлекеттік тілді сот жүйесінде қолдануға осы саладағы әрбір қызметкер өз деңгейінде үлес қосуы қажет.

Ж.ҚАРАШАЕВ,
Мұғалжар аудандық соты кеңсесінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



✎

МЕЖЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтау. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет.

Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Мемлекеттік қызметші имиджінің тұтастығы жоғары кәсібилік пен жеке құзыреттердің, моральдық адамгершілік қасиеттердің және әдептілік мінез-құлықтың көрінуіне негізделген. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметші мемлекеттің мүддесіне және азаматтардың құқығына залал келтіретін іс-қимылдарға қарсы тұруға, заңмен белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті.

Әдеп кодексінде мінез-құлықтың

жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы, қызметтік қатынастардағы, көпшілік алдындағы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары белгіленген. ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Мінез-құлықтың жалпы стандарттарының бірқатарына тоқталатын болсақ, мемлекеттік қызметшілер адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиіс. Сонымен бірге, мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға міндетті.

1983 жылы Асқар Свердловскіде оқып жүріп башқұрт қызы Абдуллина Гузаль Ахмадуллақызымен танысып, отау құрды. 1984 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдап, Қазақстанға жұбайымен оралды. Асқардың қызы Гүлнар мен ұлы Арманнан бес немересі бар.

Асқар бар саналы ғұмырында алған білімін, тәлім-тәрбиесін, кәсіби біліктілігін заң жолына арнады. Әрбір сот ұжымында еңбек еткенде барлық күш-жігерін әділ шешім шығаруға бағыттады. Сот ісінің түйінін шын дәлелмен тұжырымдап отырды. Әр шығарған сот үкімі конституциялық заңға сәйкес, әділ болды. Қанша қиын жұмыс болса да, Асқар мойымады, беріспеді. Өз қызметін абыроймен алып жүрді. Ауыр жұмыстың кесірінен ауруға ұшырады. Ақыры, коронавирусқа шалдығып, қатерлі дерттен айықпай бір айдың ішінде бақилық болды.

Қайтыс болған күні 2021 жылдың 20 қазаны еді. Бар-жоғы 61 жас өмір сүрді. Осы 40 жылға таяу мерзім аралығында бірде-бір рет жұмыстан қалмағаны, ауруханада жатпағаны бәріне де аян. Тек жұмыс, жұмыс деп саналы өмірін еліне, жұртына, халқына арнады.

Асқардың көп жыл заң саласында істеген еңбектерін бағалай отырып, Жоғарғы Сот басшылары, сот жүйесіндегі көп жылғы мінсіз еңбегі, сот төрелігін жүзеге асырудағы табыстары, судьялар қауымдастығындағы белсенді қоғамдық қызметі үшін «Үш би» Құрмет белгісімен марапаттады. Бұдан бөлек, 2005 жылы 25 тамыздағы №61 Жарлық бойынша «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен, 2018 жылы Құрмет грамотасымен, Сондай-ақ, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай грамотамен, «Астана қалалық сотына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Асқардың қайтыс болғаны туралы хабар алған күннен бастап көптеген дос, құрбы-құрдастары, әріптестері, жолдас-жоралары, туыс-туғандары көңіл айтып, жылы лебіздерін білдіріп жатыр.

Бәрі Асқардың турашылдығын жиі айтады. Ол шынында жәдігөйлену, екі сөйлеу дегенді білмейтін. Не болса да бетке айтатын турашыл мінезімен кейбіреулерге жақпай да қалатын.

Басымызға түскен ауыр қайғыда дертке қуат, жанымызға демеу болған барлық азаматтарға отбасымыздың атынан шын ниетімізбен алғыс айтамыз. Алла разы болсын!

Сағыныш білдірушілер:
әкесі, анасы, жұбайы, қызы, ұлы,
немерелері, туған-туыстары.

Асқар Сүлейменов Астана қаласы Есіл аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып, Астана қалалық сотының судьясы қызметіне тағайындалсын» делінген. Осы жылдан бастап Асқар Астана қалалық сотына ауысып, жүктемесі жоғары сотта бел шешпей қызмет етті.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Пандемияға байланысты соңғы жылдары кейінге ысырыла берген бұл кеш құрылтайдың 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Одан кейін танымал адамдар мен кәсіпкерлердің көмегімен Алматыда үлкен бір мерекелік концерт өткізбекпіз. Ол Республика сарайында не Алатау дәстүрлі өнер театрында болады. Мерейтойдың Алматыдағы басты шарасы болатын бұл концерт қараша айына жоспарланып отыр.

– *Осыдан 11 жыл бұрын қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңдағы Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстанның шетелдегі өзге де мекемелерінің құзыреті туралы 10-баптың орындалуына қатысты шетелдегі қандастар тарапынан сын-ескертпелер барын естідік. Сынның төркініне үйіліп көрдіңіз бе?*

– Кейбір журналистер ресми ақпаратқа көп мән бере бермейді. Қазір халықтың көбі ютубта, инстаграмда отырады. Қазақстан ұлттық арнасы, Хабар және тағы басқа да телеарналардағы ақпаратты көп көре бермейді.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы басшылығының өтінішімен Қостанайда, Қарағандыда, Петропавлда және басқа қалаларда қандастар қоныстанатын арнаулы жерлер бөлінді. Онда қандастардың шағын қалашықтары тұрғызылмақшы.



Омаралы ӘДІЛБЕКҰЛЫ, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы:

«КӨШІ-ҚОНҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАСАУ – БІРЕУЛЕРДІҢ БИЗНЕС КӨЗІ»

– *Мен бұл жерде Қазақстанның көші-қон саясатымен шетелдегі қазақтарды таныстырып, олардың талап-тілектерін орындаудағы Сыртқы істер министрлігі мен шетелдегі өзге де ресми мекемелердің өз құзыретін жүзеге асыруына қатысты диаспора өкілдерінің арыз-шағымы туралы білгім келеді...*

– 2017 жылдан бастап Отандастар қорының жанында 1404 деген сенім телефоны жұмыс істейді. Ол телефонға кез келген жерден ақы төлемей хабарласа аласыз. Мен өзім күніне 10-15 телефон қоңырауын қабылдап, онда айтылған өтініштер мен ұсыныстарды құзырлы орындарға жолдап отырамыз.

– *Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы қаншалықты орындалып отыр?*

– 2017 жылы V құрылтайдан кейін еліміздің көші-қон бағыты өзгерді. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына солтүстіктегі бес, батыстағы екі облыс кіреді. Ол осында көшіп келетіндерге бөлінеді. Осы жерде өз ойымды айта кетейін. Қазір көші-қон науқанға айналып кетті. Көшіп барып, квота алған соң барған жерінен қайтадан қайтып кететіндер бар. Квотамен келген қандастар мен қоныс аударушылардың отбасындағы әрбір адам басына 200 мың теңгеден қаржы беріледі. Өкінішке қарай, олардың кейбірін онда 2 жыл тұрған соң алдымен бала-шағасын осында жіберіп, артынан өздері де келіп алады.

– *Қазір әлеуметтік желіде қандастар 5 жыл тұрмаса, Қазақстанның азаматтығын бермейді деген әңгіме қозғалып жүр. Бұл өзі қайдан шығып отыр?*

– 2021 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Көші-қон саясатының 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын» әзірлеген еді. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей осы тұжырымдама әлі күнге дейін жұртшылық арасында дау болып келе жатыр. Тұжырымдаманы жасағандар квотамен келген қандастарды өңірлерге қоныстандыру үшін 5 жылдай уақыт керек деп мөлшерлеп, азаматтықты 5 жылдан кейін береміз деген кезде, бұл солтүстік облыстарға қаратылған деп түсіндіру керек еді. Өйткені, әлі күнге дейін басқа жерге өз бетімен көшіп келген қандастар азаматтықты да, ықтияр хатты да еш кедергісіз алып жатыр.

Бізге үлкен саясатта кедергілер жоқ. Бірақ атқарылу барысында, түсіндіру

барысында, одан кейін кей адамдардың «отқа май құюы» барысында түсінбеушілік туып отыр.

Мәселен, елімізде қай қазақты шекарадан шығарып жіберіпті? Ондайды өзіңіз көрдіңіз бе? Тек шекара бұзып өткен 3-4 азамат бар. Оның жағдайын білесіз. Түрлі әңгімелер тарап жатыр. Оларды да «Қазақстанға сен заңсыз келдің» деп Қытайға қайтарып берген жоқ. Абайдың керемет өлеңі бар ғой «Байда мейір, кедейде пейіл де жоқ. Аңдыстырған екеуін құдайым-ай» деген. Бізде қазір осы жағдай боп тұр. Біздің билік те шала сауатты әрекеттерді көп істейді. Мысалы, бір министр ауысса, оның командасы да өзгереді. Өкініштісі, ешкім ештеңеге жауап бермейді. Қызметке жаңадан келгендер еш ойланбастан ойына келген құжаттарды шығарып, тарата бастайды. Биліктің біздегі ең осал жері осы.

Жасыратыны жоқ, бізде қай сала болмасын кәсібилік жетіспейтініне жиі куә боламыз. Идея жақсы болғанымен, оның жобасын, тұжырымдамасын барлық уақытта бірдей кәсіби адамдар жасамайды. Өз ісін жетік білмейтіндер құзырлы органдарда әлі жеткілікті. 2009 жылғы жалпы санақта қазақтың жан саны 70 пайызға жуықтады деген ақпарат тараған соң, жалпы қазақ көшіне қарсы ақпараттық соғыс жарияланып, қасақана кедергілер көбейді. Аяғы «көші-қон парағынан шығу, соттылығы жоғын дәлелдеу анықтамасы» деген құжаттар айналысқа түсіп, Қытайдан, Ираннан келген қандастарымыз азаматтық ала алмай сарсаңға түскені ұмыт болған жоқ. Сондықтан қандастарымыздың алаңдауын түсінуге болады. Оны біздегі кейбір популяристер өз мақсатына пайдаланып жүр. Өйткені, көші-қонмен айналысып, оның соңында жүріп байыған жігіттер бар. Олар квота, шақырту, виза сияқты құжаттарды жасап жүріп, осы істі табыстың бір көзіне айналдырып алды. Сондықтан көші-қон деген олар үшін жақсы тақырып болды. Өз танымалдығын одан ары арттыру үшін «5 жылға дейін азаматтық бермейді екен» дегенді де солар елге жанашыр боп көрініп, қалталарын толтыру мақсатында айтып жүр.

– *Қытай қазақтарына қатысты қордаланған мәселе қаншалықты өз шешімін тапты?*

– Жакында жазған бір мақаламда көші-қон деген ұзаққа созылатын, нәзік әрі күрделі процесс. Оны жүзеге асыру ең алдымен көршілерімізге байланысты деп жазған едім. Өйткені, Қытай Шыңжаң өлкесіндегі барлық қазақтың паспортын жинап алды. Оған біз не айта

аламыз? БҰҰ жарғысында ешбір елдің ішкі саясатына араласпауға қол қойғанбыз. Бірақ бөлініп-жарылған отбасылардың қалаған елге барып тұруға құқысы бар деген Вена, Хельсинг келісімдері бар. Оған Қазақстан да, Қытай да қол қойған. Заңмен қорғалған бұл жұмыстарды кім істейді?

Қауымдастық пен «Отандастар» қоры сияқты қоғамдық ұйымдар. Олар қордаланған мәселелерді құзырлы ұйымдарға хат жазып жеткізеді. Ал Сыртқы істер министрлігі сияқты ресми органдар ресми консулдық кездесулерде осы мәселелерді ортаға қоя алғанымен, ашық қарсы шыға алмайды. Қазір Қытаймен маусым сайын консулдық кездесу болады. Бұрын біз өзіміздің барлық арыз-шағымдарымызды Президент Өкімшілігіне жазатынбыз. Қазір Сыртқы істер министрлігіне жазамыз. Олар біздің жіберген хаттарымызды қытайлық әріптестерімен бір үстел басында талқылап, ол әр тараптан хаттамаға алынады.

Көші-қонға қатысты құжаттарды жасау кейбіреулер үшін бизнестің көзі болып кетті. Мысалы, Алматы, Жетісу облыстарында полициямен біріккен делдалдар тобы бар. Олар осы жұмысты монополиялап алған. Олардың нотариуста, полицияда, халықты жұмыспен қамту орталығында өз адамдары бар. Бұлар тіпті, жалған құжаттар да жасаған. Былтыр Алматы облысының Қарасай ауданында қоғамдық ұйымның бір жауаптысы ұсталды.

– *Көші-қонға қатысты Қытаймен арада қазіргі таңда шешілмеген қандай нақты мәселелер бар?*

– Қазір екі ел арасында шешілмей отырған ең негізгі мәселе – диплом мен неке куәлігін растауға қатысты орын алып отыр. Өйткені, жалған диплом, жалған неке куәлігі шыға бастады. Мысалы, дипломды растау білім министрліктері тарапынан жасалады. Министрліктегі департамент оның нотариустан өткен көшірмесін қабылдап алып, өз мөрін қойып растайды. Одан кейін барып Қытай СІМ-нің консулдық департаменті немесе Қытайдың Қазақстандағы елшілігі мен консулдығы растау мөрін қояды. Ал неке куәлігі осындай жүйеге түспей отыр. Оны нотариустан өткізген соң растау керек. Алматыдағы Сыртқы істер министрлігінің консулдық департаменті мен Қытайдың Алматыдағы консулы өз мөрлерін басқан соң ғана құжат расталып, базаға кіреді. Осыған байланысты енді сенімхат, туу туралы куәлігі сияқты құжаттарды да растау

қажет деген қауесет шықты. Қытайдағы жерін сағам дегендерге оны растау керек дейтіндер табылып жатыр. Екі елдің әділет министрліктерінің өзара келісімі бойынша жылжитын және жылжымайтын мүліктерді сату туралы келісімшарттар, өсиеттерге, кәмелетке толмаған балаларға байланысты сенім хаттарды нотариустан өткен соң растаудың қажеті жоқ делінген, соған қарамастан кей орындар осы құжаттарды талап етіп отыр.

– *Қандастарды ақпараттық қолдау орталығының жұмысы туралы да аз-кем мағлұмат бере кетсеңіз?*

– Отандастар қорының сайтында «Қалай ықтиярхат аласыз? Қалай тіркелесіз? Қазақстанға қалай келесіз? Қалай виза аласыз?» деген сияқты көші-қонға қатысты барлық сауал бойынша ақпарат топтастырылған. Мысалы, 2019 жылдан кейін қандастарға 3 жылға виза берілетін болды. Бұл үшін Қытай, Ресей, Түркия, Иран сияқты қазақтар көп келетін елдердегі дипломатиялық органдарда арнаулы бір қызметкер қандастар ісімен айналысады. Олар диаспора өкілдерінің хатын, өтінішін қабылдап алып, қандас куәлігін береді. Ол қолына тиген соң қандастарымыздың Қазақстанда үй сатып алуына, қызметке тұруына жол ашылады. Кеше маған Ираннан келген бір қыз хабарласты. 3 жылға виза алып, былтыр Қазақстанға келген. Биыл Алматыдағы қазақтың Спорт және туризм

ген қандастар аз емес. Бұл неліктен деп ойлайсыз?

– Көші-қонға қатысты құжаттарды жасау кейбіреулер үшін бизнестің көзі болып кетті. Мысалы, Алматы, Жетісу облыстарында полициямен біріккен делдалдар тобы бар. Олар осы жұмысты монополиялап алған. Олардың нотариуста, полицияда, халықты жұмыспен қамту орталығында өз адамдары бар. Бұлар тіпті, жалған құжаттар да жасаған. Былтыр Алматы облысының Қарасай ауданында қоғамдық ұйымның бір жауаптысы ұсталды. Қытайдан келген бұл азамат қандастарымызға көп балалы ана куәлігін, туу куәлігін жасаумен айналысқан.

Сол сияқты 2021 жылдың қантарында маған бір адам хабарласып көмек сұрады. Қазақ-қытай колледжіне мұғалімдікке жұмысқа тұрған бір қыздың азаматтыққа құжат тапсырғанына 11 ай бопты. Сосын бұл іс бойынша Алматы облысындағы құзырлы органның басшысына хабарластым. Ол «бұл қыздың Қазақстан паспорты шығып дайын тұр. Неге барып алмайды?» деді. Ана қыз қайта барса, онда өзі сияқты 80-дей адамның паспорты дайын екен. Оған дейін олар қанша рет барса да, әлі келген жоқ деп ондағылар қайтарып жіберіп отырған. Сыртқа шықса өріп жүрген делдалдар. «Не мәселемен жүрсін, ақшасын берсең біз тездетіп дайындап береміз» деп лыпылдап тұрды. Негізінде азаматтық 3 айда беріледі ғой. Ал қоғамдық ұйымдардағы кейбір пысықтар 30 мың теңге берсең 2 аптада шығарып берем дейтінін естіп жатырмыз. Бұл құқықбұзушылыққа заңды түрде тыйым керек.

Қазір департамент басшылары ауысқан соң, осы заңсыз іспен табыс тауып жүрген біраз адам аяғын тыйды. Алдағы уақытта мұндай топтардың қызметіне мүлде сұраныс болмайтын шығар деп үміттенемін.

– *Соңғы жылдары шетелдегі қазақтың санына қатысты Үкімет пен Парламент төрінде түрлі сандар айтылып жүр. Олардың нақты саны анықталды ма?*

– Біреу 7-8 млн дейді. Біреу 5 млн дейді. Бірақ әлі де нақты санын айту қиын. Мысалы, Қытайда ресми есепте 1,7 млн қазақ бар. Оны кейбіреулер одан әлдеқайда өсіріп айттып жүр. Мұндай жағдай Ресей мен Моңғолиядағы қазақтарға да қатысты. Өз басым сырттағы қазақтың саны 5 млн шамасында шығар деп ойлаймын.

– *Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының төрағасы болып тағайындалғаныңызға да біршама уақыт өтіпті. Осы аралықта жеке өзіңіз атқарған шаруаларды атап бере аласыз ба?*

– 8 адамның паспортын алуға көмектестім. Айт мерекесі кезінде бұрын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында қызмет істеген және бірқатар жанашыр зиялы азаматтардың басын қосып, өз есебімнен ауызашар бердім. Алматы қалалық ішкі саясат департаментінің, әл-ауқат, екі ел арасындағы мәдени, экономикалық байланыстар жөнінде, әсіресе, Қытайдан келген қандастардың жағдайы туралы ашық әңгіме өткіздік. Мұндағы басты мақсатымыз қандастар мәселесінің үйлесім табуы, қиыншылықтарының шешілуі болып табылады.

– *Осы салада көптен бері қызмет атқарып жүрген қоғам белсендісі ретінде еліміздегі көші-қонды реттеуге қатысты өз ұсынысыңызды айтсаңыз?*

– Көші-қон қызметін тиімді бір жүйеге түсіріп, реттеудің алғашқы белгісі басталды. Барлық жұмысқа ашықтық, әділдік, кәсібилік керек. Сонда ғана жемқорлықтың алдын ала аламыз. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде көп жұмыс жүріп жатыр. 2-3 жыл бұрын халыққа қызмет көрсету орталықтарында базаның өшіп қалуы жиі кездесетін. Сол кезде оны күтіп отырғандарға жылытындап біреулер келіп «маған ақша берсеңіз, мәселеніңізді тез шешіп берем» дейтін жағдайлар болып тұратын. Енді базаның жұмысын қамтамасыз ету үшін тендерді ұтып алған компанияға ол өшіп қалған жағдайда айыппұл салынатын болды. Соның нәтижесінде бұрынғы кемшіліктердің бәрі біртіндеп жойылды.

Жасыратыны жоқ, бізде әлі де көп адам өз құқын білмейді. Сондықтан жер-жерде қандастарды бейімдеу орталықтарын ашу керек. Бұл өз құқын білмегендіктен алаяқтардың арбауына түсетін қандастарымыздың санын толық болмаса да, айтарлықтай көлемде азайтуға түрткі болары анық.

– *Сұхбатыңызға рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

МҰҒАЛІМ: САҒАТ ҮШІН ТАРТЫСҚАНДА САПАНЫ КІМ ОЙЛАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі мұғалімдердің көпшілігі алдындағы шәкіртіне болашақ тұлға деп қарамайды. Оларды аяқ астынан басына пәле болып, машақат тудыруы мүмкін қауіптің көзі санайды. Өйткені, алдындағы оқушыларға қатты талап қойып, аяқ асты артық сөз айтсаң басың дауға қалып, соттың алдынан бір-ақ шығуың мүмкін. Кейде олар шәкірттерінен бакталасын да көруі мүмкін. Өйткені, көптеген оқушылардың қолындағы телефон өзінікінен қымбат, киімі – өзінікінен бағалы. Қысқасы, мұғалімнің шәкіртіне сүйсіпеншілік танытып, оның тағдырына жүрегі сыздап, алаңдай алмайтыннына себеп көп. Бала бұл мектептен кетсе, одан артығын тауып жолы тіпті ашылып кетуі мүмкін деп ойлайды. Шын мәнінде, бұл қадам баланың бүкіл адамдарға деген сенімін, болашаққа деген үмітін құлталқан етуі мүмкін ғой. Сөйтіп, оны мүлде теріс жолға салып жіберсе ше?

Шыны керек, ақпараттық технология иіріміне үйірген, білім мен білік, жаңа талаптарға негізделген мына заман мұғалімдерге сабак беруден өзге, біраз талаптар жүктеп қойған. Мұғалімдер мәртебесі заңмен айқындалса да олар бұған еш қатысы жоқ қайдағы бір көрсеткіштердің құлы болып, көп жағдайда бала тұрмақ, өз жайын ойлауға шамасы болмай жүреді. Бұған бүгінде қоғамның айнасына айналған әлеуметтік желілердегі жазбалар қуа. Мысалы Сұлтан Сүлеев есімді мұғалім «Қазақстан топтаздары» деген фейсбукте ашылған топта қалдырған жазбасында мәселенің біркатарын атап көрсетіпті. Солардың бірі сағатқа қатысты мәселе. Осы төңіректегі айқай-сүрең қашан тыйылар екен дейді ол. Расында бұл әр мұғалім үшін жаңа оқу жылы басталған сайын туатын уайым. Олар әр оқу жылында мектепке бір үміт, бір күдікпен келеді. Соңғысы басымдау түсіп жатады көбіне. Өйткені, тиісті сағат жүктемесін алу кез келген мұғалімге оңай емес. Белгіленген, қалыптасқан тәртіп жоқ. Сағаттардың тиісті деңгейге сай болып, қолайлы уақыттарға қойылуы оқу ісі орынбасарының мұғалімдерге деген көзқарасына байланысты. Тәртіп жолға қойылмаған ортада сағат бөлу басшылардың тәбетіне негізделері талассыз. Сондықтан жаңа оқу жылы басталған сайын мектептерде сағат үшін күрес. Олай болмағанда ше? Өйткені, алатын жалақыңның көлемі сағаттың санына байланысты. Бұл жерде артық алынған мұғалімдер, зейнетке кеткісі келмейтін ұстаздар басты бәсекелес. Бәсің мықты болуы үшін, білім-білігін де, тәжірибен де қажет емес. Бастысы сағат бөлетіндердің көңілінен шығу. Ол оңайға түспейді.

Неліктен артық мұғалімдер алынады, неліктен зейнеткерлерге одан әрі жұмыс істеуге жол беріледі? Бұл сұрақтардың басы әзірге ашық тұр. Түсініктісі бұл ретте құзырлы орынның еркі айқын көрініп, мәселені заңнамалық түрде ретке келтірілу қажеттігі кезек күттірмейді. Өйткені, тап осы мәселе білікті мамандарды ығыстырып немесе қалғанының өзінің ізденіспен жұмыс істеуіне кері әсерін тигізіп, білім мен тәрбиенің сапасына көлеңкесін түсіріп жатыр. Осыдан келіп мұғалімдер жұмысын дұрыс істеуді емес, сағатын толық алып, қолайлы уақытқа қойдыру үшін оқушының көңілінен шыққаннан гөрі, басшылардың көңілінен шығуды ойлайды.

Зейнеткерлер жайлы да осыны айтуға болады. Министр айтқан деректерге сүйенсек, бүгінде еліміздің мектептерінде мыңға тарта зейнет жасындағы мұғалім қызмет етіп жүр. Іә, кейбір шалғай мектептерде маманның жетіспеушілігіне орай, олардың

көмегіне ділгір шығармыз. Алайда, көптеген зейнеткер мұндай қажеттіліктен емес, өздері кеткісі келмей, жас мамандарға орын босатпай жүргені шындық. Бұл мәселеге қатысты да құқықтық негізде бір шара қабылдануы керек. Өйтпесе, біздің мектептеріміз карттар үйіне айналып кететін түрі бар.

Аталған жазбасында Сүлеев мырза тағы «ӨӨТ пәні мұғалімдерінің категориясы мерзімі аяқталғанша жарамды болса деймін. Жамбыл облысы осыны өте тиімді шешті. Қалған басқармалар да үлгі алып, кәсіподақпен бірлесе келісімге қол қойса. Ал ардагер мұғалімдердің күтіп жүргені – 30 жылдық стажы барларды біліктілік сынағынан босату мәселесі. Жалпы, зейнетке төрт жыл қалғандарды аттестациядан мүлде босату керек. Осыған қатысты бұйрық қашан шығады деп әріптестерім күнде сұрайды. Бұл бұйрық түбінде барлық ұстазға керек» дейді.

Бұл айтылғандар бүгінде бүкіл педагогтар ұжымының бас ауруы, арылмас уайымы. Ешқайсысының білімнің сапасына, мамандардың біліктілігіне пайдасы жоқ, керісінше барлығы да мұғалімдердің уақытын алып, энергиясын жұтып, жүйкесін жейтін шаралар. Расында, өмірбаки мектеп саласында қызмет етіп келе жатқан мұғалімдерді қайта-қайта аттестациядан өткізу не үшін қажет? Оның орнына неге біліктілік курстарын ұйымдастырмасқа? Бәлкім мұғалімдерге білім беру ісінің бүгінгі трендтерін игеру, компьютерлік сауаттылықты меңгеру қажет шығар. Олардың қайта-қайта біліктілік емтиханын тапсырғаннан білімі көтеріліп кетпейді ғой. Бұл тұрғыда да құзырлы орынның сараптамалық жұмыс нәтижесіне сүйенген нақты шарасының қажеттігі көрініп тұр.

Тағы бір мәселе тиісті көрсеткішке қол жеткізу үшін мұғалімдердің «Күнделік.кз» сайтына кіруге мәжбүр болатыны. Цифрландыру электронды қызмет жүйесін ашық етеді, жариялылықты арттырады деп жүргенімізде бұл үрдіс онсыз да жұмысы көп ұстаздарымызға қосымша жүк артқандай. Осы сайтқа кіру үшін ғаламтор желісі жоқ немесе әлсіз ауыл мұғалімдері түн ішінде үй аралап, кейде ауданға сапар шегуге мәжбүр болады екен. Қайта-қайта сайтқа кіруге мәжбүрлік негізгі міндет – сабаққа дайындыққа күшті де, уақытты да қалдырмай жатады. Амалсыздан жеп отырған нанынан айырылмау үшін мұғалімдер бұған қарсылық жасай алмайды.

Негізгі жұмыстан назарды аударатын шаралардың қатарында түрлі конкурстарға қатысу, семинарлар өткізу талаптары бар. Иә, оларды өткізбей-ақ қоюға болады. Бірақ бұл шараларға бөлінетін тиын-тебеннен кім құр қалғысы келеді дейсіз?! Мұғалімдер де сол үшін барын салады. Әрине, «байдың асын байғұс қызғаныпты» дегеннің керін келтіріп отырғандай болармыз. Мұндай сөзді естігіміз келмейді. Бірақ айтпасқа амалымыз жоқ. Себебі, бұл шараларды өткіземін деп шаршаған мұғалімдердің шала-шарпы дайындалған соң сабақтарының сапасын төмендетіп жатқаны тағы анық. Бізді осы алаңдатады. Бәлкім, бұл шаралар қоғамдық жұмыс ретінде жолға қойылса, әркімнің жеке бастамасы, шынайы энтузиазм негізінде жүзеге асса, яғни, шын мықтылардың еркімен, жігерімен жүзеге асса әлдеқайда пайдалырақ болар ма еді. Қазір олар қолынан келсін, келмесін әркімнің артық тиын-тебен алу үшін ұмтылатын бір табыс көзіне айналып отыр. Мұндайда олардың сапасы қандай болуы мүмкін?

Токетерін айтқанда, мектептегі негізгі тұлға мұғалім мәртебесі осындай пайдасыз көрсеткіштердің көлеңкесінде көмескіленіп тұр. Яғни, қоғамнан бастап, құзырлы орын үшін мұғалімге құрметтің қажеттігі айқын сезіледі. Ол құр сөзбен, орындалуы қиын заңды талаптармен емес, нақты істен көрініс тапса құба-құп. Сонда бәлкім біз мұғалімдерді шәкірттеріне қайтарып, олардың болашақ алдындағы жауапкершілігін сезіндіреміз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТЕМІРҚАЗЫҚ



Тәуелсіздік алған сәттен бастап халықаралық стандарттар негізінде адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бағытталған ең ауқымды заңдар біздің елде алғашқылардың бірі болып қабылдануда. Өз азаматтарын қорғау үшін нақты жағдай жасау мақсатында ел Конституциясына сот төрелігін алқабилердің қатысуымен жүзеге асырудың мүмкіндігі туралы норма енгізілген болатын.

АЛҚАБИЛЕР СОТЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

2005 жылы Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия тек фактіні жариялау бойынша ғана үкім шығаратын дербес алқаны құрайтын, бір кәсіби судья мен 12 алқабиі бар классикалық алқаби сотын енгізу туралы заң жобасын даярлады. Ұзақ талқылау мен халықаралық тәжірибелерді саралаудың нәтижесінде 2006 жылы қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды.

Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады. Бұл заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажеттігін және алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейту туралы айтты.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істердің санаттарын кеңейту жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасына реттеушілік саясаттың консультативтік құжаты 2022

«ҚОЛЫҢМЕН ІСТЕГЕНДІ МОЙНЫҢМЕН КӨТЕР!»

Шымкент қаласы және Түркістан облысы ҚАЖД қарасты Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің есебінде тұратын бір азаматқа 100 сағаттық мәжбүрлі еңбек қосымша жаза ретінде тағайындалды.

Аталған мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Сотталғанға тағайындалатын жаза түрінің бірі – бас бостандығынан шектеу жазасы. Бас бостандығынан шектеу жазасы белгіленген азаматтарға әдетте жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбек тағайындалады.

Мәжбүрлі еңбекке тарту күніне төрт сағаттан аспауы керек. Осындай жаза белгіленген азаматтың бірі – жиырма екі жастағы Берік есімді азамат. Ол 2021 жылы Түркістан қалалық сотының үкімімен ұрлық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасына тартылған болатын. Сонымен қатар, жаза өтеу кезінде 100 сағаттан аспайтын қоғамдық жұмыстарды да атқаратыны белгіленген.

– Сотталған азамат 100 сағаттық мәжбүрлі еңбегін өтеу үшін Түркістан «Жарық-Тазалық ЖШС-не» жіберілді. Қазіргі таңда күніне төрт сағаттан мәжбүрлі еңбегін өтеуде. Көбінесе, жазасын өтеушілерге әкімшілік ғимаратының алдын коқыс заттардан тазалау, абаттандыру жұмыстары жүктеледі. Мәжбүрлі еңбегін аяқтаған соң Түркістан «Жарық-Тазалық ЖШС-гі» мәжбүрлі еңбегінің аяқталғаны туралы кесте түзіп, қалалық пробация қызметіне жазбаша түрде хабарлай-

ды, – дейді Түркістан қалалық ПҚБ аға инспекторы Жанболат Абдрахманов.

Пробация инспекторының сөзіне қарағанда, бұл мәжбүрлі еңбек бас бостандығынан шектеу жазасына тартылған азаматтар үшін тиімді. Себебі, олар жұмыссыз үйде жатпайды, 4 сағат болса да еңбек етіп, жұмыс жасауға дағдыланады. Ал кейбір сотталған азаматтар тез арада жұмысқа орналасып кететін жайттар да кездеседі екен.

Мәжбүрлі еңбекке тартылған азаматтарға ешқандай ақы төленбейді. Керісінше өздеріне берілген жаза мерзімі бойынша еңбектерін тегін өтейді. Сотталған азамат қоғамдық жұмысқа тарту жазасымен есепке алынғаннан кейін, 10 күн ішінде жергілікті атқару органдарына жолданып, сол жерде өз жұмысын бастайды.

– Қазақта «Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер» деген тағылымы терең сөз бар. Әрине, өзімнің жасаған қылмысымды мойындаймын. Қателікке бой алдырып есірткі заттарын пайдаландым. Маған қоғамдық мәжбүрлі еңбекке тарту жазасы тағайындалды. Он күннен бері осы жазаны өтеп жүрмін. Енді 80 сағаттық еңбегімді өтеймін. Жасаған қылмысыма өкінемін, оны алдағы уақытта қайталамаймын, – деді сотталған Берік.

Рәушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР АРАСЫНДА КІТАП ОҚУҒА ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫС ЖОҒАРЫ

Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті қызметкерлерінің қолдауымен және мәдени іс-шараларды барынша тиімді жүргізу мақсатында түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқандарға әдеби кітаптар, оның ішінде тарих, мәдениет саласын сөз ететін танымдық кітаптар, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қолдауы мен келісімі бойынша шығарылған діни кітаптар таратып беру үрдіске айналған.

Атап айтар болсақ, тек қана осы жылдың қыркүйек айының ішінде ғана №69-шы түзеу мекемесіне – 125, №55-ші түзеу мекемесіне – 30, №54-ші түзеу мекемесіне – 143, №56-шы түзеу мекемесіне – 45, №78-ші түзеу мекемесіне – 85, №53-ші түзеу мекемесіне – 183 дана әртүрлі жанрдағы кітаптар таратылып берілген. Бұл кітаптардың ішінен Абайдың, Мұхтар Әуезовтің, Бауыржан Момышұлы мен Қасым Қайсеновтің, Әди Шәріповтің, Олжас Сүлейменовтің, Бек Тоғысбаевтың шығармаларын кездестіруге болады. Сондай-ақ, бұл кітаптардың арасынан «Ежелгі жыр, аңыздар», «Психотерапевтің жазбалары», «Отан деп соққан жүректер», «Түркістанның елге танымал азаматтары», «Батырлар жыры» жинағы сияқты әдеби-танымдық кітаптарды көзіңіз шалып, көңілге жылылық ұялайды. Кітап қоры тілдік жағынан да әр алуан. Мұнда Москваның «Современник», «Детская литература»

баспаларымен қатар Минскінің, Ташкенттің баспаларынан шыққан өнімдер де жетерлік.

Шымкент қаласы ҚАЖД-ның сотталғандар арасында әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы тобының бас маманы, әділет капитаны Бақдәулет Төлепбергеновтың айтуынша, бұл әдеби кітаптар Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының, Шымкент қаласының дін істері басқармасының қолдауымен, сонымен бірге жеке адамдардың қатысуымен жасақталатын көрінеді. Содан кейін әрбір кітап тізімделіп, оның авторы мен жанры көрсетіліп түзеу мекемелеріне өткізіледі екен.

Бұл кітаптар осы түзеу мекемелерінің кітапханаларындағы кітап қорында сақталып тұраы және өз оқырмандарына моральдық тұрғыда қызмет етері сөзсіз деп сенеді мекеме мамандары.

Бір атап өтерлігі, қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі жазасын өтеушілер арасында спорт түрлерімен шұғылданып, мәдени іс-шараларға қатысуға, кітап оқып, ой тынықтыруға деген құлшыныс жоғары дейді психолог мамандар. Бұл өз кезегінде жазасын өтеушілердің мінез-құлқына оңды әсер етіп, түзеу мекемелеріндегі тұрақтылыққа да септігін тигізеді екен.

Сейтхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

Мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы.

Мемлекеттік сатып алуға қатысуға кедергі жасайтын бірнеше жағдай бар. Соның бірі – жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгендер.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне:

1) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілер;

2) жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер;

3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер жағдайы.

Осы тармақтағы бірінші бөліктің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде, ал 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып

алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы негізінде заңның 24-бабының 1-тармағына, 38-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтімді (баға ұсынысын) беру конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады. Осыған байланысты әлеуетті өнім берушінің көрсетілген тәсілдермен жүргізілген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюлар талап қоюшының тандауы бойынша шарттың орындалатын жері бойынша да берілуі мүмкін.

Мұндай жағдайда қойылған талаптың шартты жарамсыз деп тану бөлігінде талап қоюшыдан дауды сотқа дейін реттеудің шартта көзделген тәртібін сақтау талап етілмейді. Бұл жерде талаппен сотқа жүгінген кезде қандай талап азаматтық тәртіппен не әкімшілік іс жүргізумен қаралатынын айыра білген жөн.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларын қолдануға байланысты мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілердің талап қоюлары, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындаудан туындайтын талап қоюлар мамандандырылған ауданаралық экономикалық

соттың қарауына жатады. Яғни, азаматтық іс жүргізумен қаралады.

Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті. Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, заңның 12-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың республикалық тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады. Соған орай сот заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы талап қоюды АПК-нің 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайтындықтан, талап қоюды қабылдаудан бас тарта алады.

С.УМАРСЕРИКОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

2. «Жымпиты Сервис» ЖШС кредиторларының назарына! БҚО 07.08.2022 ж. №4-3/1404 қаулысына сәйкес, «Жымпиты Сервис» ЖШС, БСН 120540009878 (БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты селосы, Қазақстан көшесі, 8 үй), «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС-не қосылу арқылы қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Барлық талап-шағым, арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады.

3. Осымен «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ (БСН 940840000767, Қазақстан, 040706, Алматы облысы, Іле ауданы, Қазник ауылы, Өндірістік аймақ, 15-участке, +77017279128, 8(727)2994384, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2022 жылғы 27.09 күні Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, келесі шешімдер қабылданғанын хабарлайды: 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы өзгеріссіз қалдырылсын: Директорлар кеңесінің 6 (алты) мүшесі. 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленсін. 3) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамына сайлансын: **Александр Федорович Лобанов** – меншік құқығында Қоғамның 2 411 937 жай (дауыс беретін) және 50 926 артықшылықты акцияларына не акционер және Қоғамның 344 562 жай (дауыс беретін) және 50 926 артықшылықты акцияларын меншік құқығында иеленетін акционер Айтмұхамет Айтқазинович Төлеухановтың өкілі; **Александр Касимович Минибаев** - меншік құқығында Қоғамның 1 129 470 жай (дауыс беретін) және 28 716 артықшылықты акцияларына не акционер; **Владимир Дмитриевич Поливанов** - меншік құқығында Қоғамның 172 281 қарапайым (дауыс беретін) және 25 463 артықшылықты акцияларына не акционер Владимир Викторович Климовтың және меншік құқығында Қоғамның 344 562 жай (дауыс беретін) және 50 926 артықшылықты акцияларына не акционер Даулет Нильевич Куленовтің өкілі; **Сергей Геннадьевич Данильченко** - меншік құқығында Қоғамның 172 281 жай (дауыс беретін) және 25 463 артықшылықты акцияларына не акционер Татьяна Ахмеджановна Шапковаың өкілі; **Сатмива Гульбатгарам Габдулкасымовна** – дербес директор; **Дүйсембеков Жетпісбай Омиралиевич** – дербес директор. 4) Қоғамның есеп комиссиясының құрамына сайлансын: **Ольга Александровна Злобина, Айжан Саметовна Бакбергенова, Виктория Борисовна Фролова**. 5) Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленсін.

6. Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауылы, Мажитов көшесі, №203 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Жәнібек–Сәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130240015080) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 26.06.2022 ж. №121 қаулысына сәйкес, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1, орналасқан «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 090240006249) қосылу арқылы серіктестіктің қайта құрылатынын хабарлайды.

Сонымен бірге, «Жәнібек–Сәулет» ЖШС-ның құқықтары мен міндеттері өзгеріссіз толығымен «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС-не өтеді. Барлық сұрақтар мен шағымдар, кредиторлардың талаптары хабарлама жарияланғаннан кейін екі ай мерзімде «Жәнібек-Сәулет» ЖШС-не беруге болады. Мекенжайымыз: БҚО, Жәнібек ауылы, Мажитов көшесі, №203.

Қайта құрылатын серіктестігінің реквизиттері: 090006, ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1. Тел.: (87112) 21-31-34, БСН 090240006249 ЖСК КЗ576010181000160277 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Орал қаласындағы филиалы, БСК HSBKКЗКХ.

9. «Қамыс-Самар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120540018807, Жаңақала ауылы, Халықтар Достығы көшесі, №42 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 маусымдағы №121 қаулысына сәйкес, Орал қаласы, Желтоқсан б/1 көшесінде орналасқан «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 090240006249, қосылу арқылы кәсіпорынның қайта құрылатынын хабарлайды.

ТАРАТУ

4. «E-Engineer» ЖШС, БСН 201240005180, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Казахстан, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, массив Көктем, Нұркен Әбдіров көшесі, 2 үй, тел. +7 707 428 3795.

5. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің №15 Мәлік Ғабдуллин атындағы бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 020640003603, таратылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қаракерем ауылдық округі, Керу ауылы, Жұмағұл Тіленов көшесі, ғимарат 1А, пошта индексі 080415.

7. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданының «Білім бөлімі» ММ, БСН 050140007089, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Васильев бастауыш мектебі» КММ-нің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай ішінде Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Школьная көшесі, 40 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87145521847, 87145523385.

12. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы, А.Төлеубаев көшесі, №8 үйге тіркелген «Қабыланбек АӨК» өндірістік кооперативі, БСН 160640019201, жабылғандығын хабарлайды. Шағымдар хабар жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы, А.Төлеубаев көшесі, №8 үйде қабылданады. «Қабыланбек АӨК». Тел. 87022333287.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Зан газеті» және «Юридическая газета», «Зан», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Зан газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

БАНКРОТТЫҚ

8. Атырау облысы, Атырау қаласы мамандандырылған экономикалық сотының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі ұйғарымымен «АВМ Инжиниринг» ЖШС-нің, БСН 040340019444, банкроттығы туралы іс қозғалып, өндіріске алынды. Талап-шағымдар осы хабарландыру шыққаннан бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 21 үй, 10 пәтер.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 8705847221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazeta@mail.ru Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78/105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА!

— Сенің атың кім?
— Темір.
— Нешедесің?
— Он бірден астым.
— Ойын тәртібі бойынша сен маған тек шынында айтуың керек. Тек қана шыныңды. Егер өтірік айтсаң, ойыннан шығасың. Келістік пе?
— Келістік.
— Мекенжайыңды білесің бе?
— Білем. Бостандық ауданы, он тоғызыншы үй.
— Жер үй ғой.
— Иә.
— Яғни, үйіңнің оң жағындағы мектеп-гимназияда оқисың. Солай ма?
— Солай.
— Қай сынып?
— Алтыншы.
— Қазір үйіңде жалғызсың ба?
— Иә.
— Онда бейнебайланысты қосшы. Темір көп ойланбастан бейнебайланысты қосып, компьютердің дауысын көтеріп қойды.

— Сәлем, балақай!
— Сәлем!
— Менің атым Еңдік! Ал сенің атың Темір ғой, иә?
— Иә.
— Үйде расымен-ақ өзің ғанасың ба?
— Иә.
— Қорықпайсың ба?
— Жоқ, неден қорқам!
— Жарайсың, Темір! Маған осындай ештеңеден қорықпайтын дос керек! Айтпақшы, ойынның атын көрдің ғой иә? «Құтқаршы мені» деп аталады.
— Иә, көрдім.
— Ендеше, сен мені құтқаруың керек! Міне, көрдің бе, мен зынданның ішінде отырмын.

— Мен қалай құтқарам?
— Ол сен сияқты ештеңеден қорықпайтын балақай үшін тұк те қиын емес. Саған жеті тапсырма беріледі. Солардың бәрін орындай алсаң, мен бостандыққа шығам. Ең бастысы, сен әр тапсырманы орындаған сайын қымбат сыйлыққа ие боласың!
— Қандай сыйлық?
— О, ку бала! Бәрін бірден білгің келеді, иә? Онда былай істейік! Сен қазір есік алдына шық, табалдырығыңда не тұрғанын көресің!

Темір компьютерге сенімсіз қарап отырды да, әдемі қыз күлімсіреп есікті нұсқаған соң сыртқа қарай жүгіре жөнелді. Есікті ашып еді, расымен-ақ пицца, кола және гамбургер тұр екен. Өз көзіне өзі сенбеген бала алар-алмасын білмей жан-жағын сәл шолды да, заттарды алып ішке кірді.
— Қалай, маған енді сендің бе?
— Иә.
— Ойынды бастаймыз ба?
Темірдің қызығушылығы енді ояңғандай. Пиццадан бір тістеді де басын көңілдене изеді.
— Онда алғашқы тапсырма! Тоңазытқыштан екі жұмыртқа алып кел!
— Не үшін?
— Темір, біз келістік емес пе? Сенің жеті тапсырма орындауың керек. Осылай артық сұрақ қоя берсен, мені кім құтқарады?

Темір екі жұмыртқа әкелді де, компьютер алдына қайта отырды.
— Енді осыны екі қолына ұста да, басыңа жар. Ұмытпа, сені бағанағыдан да ғажап сыйлық күтіп тұр!

Темір көп ойланбастан басына қос жұмыртқаны жара салды. Компьютер экранында Еңдік сыйлықтай күлiп жатыр.
— Жарайсың, Темір. Мен саған ризамын. Енді басыңды жу да есік алдына шыға ғой.

Мына сөзді естіген Темір басынан сорғалаған сары уызды екі қолымен жапқан күйі ваннаға жүгірді. Басын шала-пұла шая салып сыртқа ұмтылды. Міне, керемет! Жап-жаңа самокат. Ол ентіге басып қайта келді.

— Құтты болсын! Қалай, ұнады ма?
— Иә!
— Ойынды жалғастырамыз ба?
— Иә!
— Айтпақшы, әкең мен анаң жұмыстан нешеде келеді? Бізді көріп ренжіп жүрмесін.

— Анам жетілерде келеді. Әкем. әкем тым кеш келеді.
— Олай болса, біз тағы екі-үш ойын ойнап үлгереді екенбіз. Қане, бұл жолы ас үйден сұйық май, кесе, қасық, майонез және кетчуп әкел!
Ойынға шын берілген Темір Еңдік айтқанның бәрін жылдам алып келді.

— Осылардан аз-аздан кесеге құя ғой. Алдымен майонезден бастайық. Болды, болды. Енді кетчуп. Аха, жетеді. Қалғанына сұйық май құясың. Азамат! Енді жақсылап араластыр. Міне, бәрі дайын болды. Бұл – екінші тапсырма! Сыртта сені жаңа сыйлық күтіп тұр! Сонымен дайынсың ба?
— Иә, дайынмын!
— Ендеше кесені қолыңа ал да тауысып ішіп қой. Қане!

Темірдің бар пейілі сыртқа ауған. «Бұл жолы қандай сыйлық тұр екен?» деп шыдамы таусылған бала ә дегенде жиіркене ұрттады да тәуекелге бел бұғандай кесені басына бір-ақ төңкерді.

— Міне, жігіт! Міне, нағыз құтқарушым! — деп сықылықтай күліп жатқан Еңдікке қарауға мұршасы келмеген Темір жүрегі айнып әжетханаға локси құлады. Сосын көзінен шығып кеткен жасты жеңімен сүртіп, далаға шықты. Жап-жаңа гироскутер! Темір өз көзіне өзі сенер емес. Алып беріндерші деп жүргеніне қанша болды шешесіне. Мұның бағасы, сексен мыңнан басталады-ау. Ол жаңа сыйлығын құшақтап Еңдіктің алдына қайта келді.

— Қалай, ұнады ма?
— Иә, ұнады.
— Түрің біртүрлі ғой. Әке-шешеме бұл сыйлықтарды қайдан алдым деп айтам деп алаңдап тұрсың ба? Түк саспа, мен саған сауда орындарындағы ойналатын ойындарға лотерея билеттерін берем. Сен екі сыйлықты да достарыңмен бірге барып сол жақтан ұтып алдым дейсін. Жарай ма?
— Жарайды.
— Алдымен екі сыйлығыңды жақсылап тығып қой. Сосын біз үшінші тапсырмаға көшеміз.

Темір екі ойыншығын төсегінің астына жасырды да, компьютер алдына келді. Жүрегі әлі айнып тұрса да үшінші сыйлық не болуы мүмкін деген ой санасын жаулап алған.

— Міне, үшінші тапсырмаға да келіп жеттік. Дайынсың ғой?
— Дайынмын!
— Орыннан тұра ғой. Темір орнынан жылдам тұрды.
— Жейденді шеш!
Темір Еңдіктің айтуымен алдымен жейдесін, сосын, футболкасы мен шалбарын шешті.

— Енді кезек ішкіімге келді! Қане, қане, Темір, батыл болсаншы.

Еңдік қаншалықты тықтақанымен Темір ішкіімін шеше алмады. Беті бір қызарып, бір бозарып, ұяттан кірерге тесік таба алар емес.

— Мен саған өкпеледім, — деді Еңдік.
— Сен ойын тәртібін бұздың. Саған сеніп, мені құтқарады деп үміттеніп ем.

Темір қолын бір-екі рет ышқырына апарғанымен бөрібір тәуекел ете алмады.
— Темір, онда былай келісейік. Міне, қарашы, алдымен мен шешем. Еңдік футболкасын шынымен-ақ шешіп тастады. Қызыл тәстартқышпен ғана отыр. Ол көзін тез тайдырып әкетті де, қыз не айтса да жерден басын көтермеді.
— Ой, ұялшак, мен сені мықты жігіт екен деп жүрсем, бір қарауға да жарамдын. Жарайды, ал мен енді шалбарымды шешем. Міне, шештім. Айтпақшы, сен үшінші сыйлықтың не екенін білесің бе?

Темір көзін жерден көтерместен басын шайқады.

— Ол ана екеуінен де күшті. Оны білгің келсе, басыңды көтер де онға дейін санағанымша маған қарап тұр.

Лажы құрыған Темір компьютерге көз салып еді, ішкіімімен ғана тұрған Еңдікті көрді. Жүрегі еркінен тыс атқақтап кетті, тынысы тарылды, аузы құрғап, басы айналғандай болды. Баланың бұл хәлің дәл сезінген қыз сылқ-сылқ күліп шыр айналды да сәл қайқайып бір қырынан тұра қалды.

— Енді ішкііміңді шешпесең, ең қымбат сыйлықтан құр қаласың!

Бала еріксіз ішкіімін шешкенімен, бүрісіп әуретті жерің қос қолымен басып тұр. Мұны көрген қыз одан сайын сықылықтай күледі.

— Жарайды, сен маған ұнап қалдың. Сондықтан бұл жолы жеңілдеу тапсырма берейін.

— Ал сыйлық ше?
— Аа, сыйлықты ұмытпайсың иә? Ол сыйлықты қазір берсем, әке-шешен анық күдіктенеді. Рас қой. Келесі тапсырма сәл оңайлау болғандықтан екеуі үшін спорттық велосипед берем. Бола ма?

Қуанып кеткен бала басын асығыс изеді.

— Ас үйге тағы бар да бұл жолы пышак пен орамал әкел.

Баланың көзі шарасынан шығып кетті.
— Қорықпа, жігіт деген қорқушы ма еді? Бара ғой.

Темір қорқасоктай басып, қыздың айтқанын алып келді.

— Міне, жігіт! Енді қолыңды столға қой. Қоя ғой, тұк те етпейді. Менің құтқарушым, арыстаным, мынаны ұстап көргің келе ме?

Еңдік алдымен қос анарын қысып, сосын теріс айналып жұмсақ жерін қолымен шапаттап қойды. Тағы да жанарын ала қашқан Темірдің пышак ұстаған қолы дір-дір етеді.

— Енді не тұрыс? Кес алақаныңды!

Бала шошына кейін шегінді. Біреу әне-міне бас салып саусақтарын турап тастайтындай қолынан пышағы түсіп кетті. Еңдік тағы да сақылдай күліп жатыр.

— Мә, сен ұялшак қана емес, қорқақ та екенсің ғой. Сенің осындай қорқақ екеніңді достарың біле ме? Ауладағы балалар біле ме? Өзің жақсы көріп жүрген қыз біле ме? Қорқақ, ұялшак! Білесің бе, екеуміздің



ҚҰТҚАРШЫ МЕНІ...

бағанадан бергі ойынымыз видеоға түсіп жатыр, сенбесең, бері қара!

Темір жасқана басын көтеріп еді, Еңдік екі-үш аттап барып, шағын теледидардағы бейнетаспаны ары-бері жүгіртті.

— Көрдің бе, міне, сенің шешініп жатқаның, міне, тыржалаңаш кейпің, сұйық май ішкенің, міне, басыңа жұмыртқа жарғаның. Ертен осыны достарыңа таратып жіберейін бе? Таратайын ба деймін?

Бұл жолы Еңдіктің даусы тым қатқыл шықты. Бағанағы жағымды дауыс, тәтті күлкі жоқ.

— Қане, көтер пышақты!

Амалы құрыған Темір жерден пышақты алып жатып бір жаққа үміттенсе қарады, қарады да жылдам басын көтеріп, пышақты алақанына жақындатты.

— Ал енді кес, кес!

Ащы айқайдан күллі денесі дірілдеп кеткен бала көзін жұмып алақанын пышақпен осып жіберді де, қолынан сау ете қалған қанды көріп бажылдап отыра кетті.

— Орамалың қайда? Ора қолыңды орамалмен! Міне, менің нағыз құтқарушым! Ертен телефонның өзінде болсын! Сыйлықты қайдан алуың керек екенін өзім хабарласып айтам. Әке-шешене не деуің керегін ұмытқан жоқсың ғой. Пицца тұраймын деп кесіп алдың. Ал әзірге сау бол! — деді де, Еңдік байланысты үзді.

Қолын ақ дөкемен орап алған Темір сабаққа барды. Кешегі оқиғадан кейін көңіліне бір желік біткендей. Қолына алаңдаған дос-жаранына бәрін мақтана баяндағысы келеді, дегенмен сабыр сақтау керек. Бүгін шешуші үш тапсырма бар. Кешегі тапсырмалар үшін спорттық велосипед алса, қалғаны үшін берілетін сыйлық тіпті қоматқы шығар. Ол әлсін-әлсін телефонына қарап қояды, әзірге еш хабар жоқ. Бесінші сабақ біткенде телефонына жасырын нөмірден «Соңғы сабақты тастап шыға аласың ба?» деген хат келді. «Иә». «Байқа, ешкім біліп қоймасын. Білсе, өзіне қиын болады. Түсіндің бе?». «Түсіндім». «Сыртқа шық». Осындай қысқа жауаптасудан кейін ол мектеп ауласына шықты. Ешкім көрінбейді. Жан-жағына қарай-қарай көшеге шыққанда жанына жүгіріп кішкене оқушы кыз келді де:

— Мынаны саған беріп жіберді, — деп қағаз ұстатты.

— Кім беріп жіберді?

— Білмеймін, ана жакта, достарың, — деген қыз мектепке қарай жүгіре жөнелді. Ештеңе түсінбеген Темір қағаздың орауын ашып еді, «Алматы» дүкенінің алдында жаңа сыйлығын тұр», — деген жазу ғана бар екен. Ол жиырма-отыз қадам жердегі дүкенге қарай жүрді. Расымен-ақ, сауда орнының алдында су жаңа велосипед мен-мұңдалайды. Темір жан-жағына жалтақтай қарап, енді не істерін білмей тұрғанда, әлдекі «Темір», — деп айғайлады. Дауыс шыққан жаққа жалт қарап еді, жеті орындықты көліктің есігін ашып, күні кеше ғана көрген Еңдік қол бұлғады. Бұл анттарылып қалды.

— Келсенші енді. Қорқып тұрсың ба? Велосипедінді ала кел, қорқағым!

Ол кешегідей сықылықтай күлді. Бала «Қорқып тұрсың ба?» деген сөзге намыстанып, велосипедті сүйреген күйі көліктің жанына келді.

— Міне, жігіт! Кәне, сыйлығыңды ішке кіргіз. Сонымен, енді үш тапсырма қалды ма?

— Иә.

— Онда кеттік, менің құтқарушым. Айтпақшы, кола іш. Шоколад жейсің бе? Мә, ал, ұялма.

Бес сабақтан кейін қарны кәдімгідей ашып қалған Темір қыз ұсынған шоколад пен қоладан бас тартқан жоқ.

— Мынауың дұрыс болды. Қазіргі үш тапсырманы орындау үшін саған көп күш керек.

— Қандай тапсырмалар болуы мүмкін?

— Әй, ку бала, айттым ғой, нағыз құтқарушысың деп, бәрін алдын-ала білгің келеді иә? Онда ойынның шарты бұзылады, шыда, шыда, досым.

Темірдің ұйқысы келе бастады, бетін укаласа да, қоладан ұрттаса да, тіпті терезені ашса да болар емес. Еңдіктен ұялағанынан ғана сауалдарына жауап беруге тырысқанымен ұйқы шіркін еркіне қоймай алып бара жатыр.

Ол бетіне шашылған судан есін жиды. Ол айналасындағы үш-төрт бейтаныс жігітті көріп, «Мен қайдамын?» — деп шошып кеткен Темір анайда да біреумен сөйлесіп тұрған Еңдікті көрді де:

— Еңдік, Еңдік тәте, — деп жыламсырай айғай салды. Бұған бәрі ду күлді де, біреуі:

— Еңдік де! Кеше кім едің? Лаура болдың ба, Ақдана ма, мә, атыңнан жаңылдық қой, — деп еді, бәрі тағы да жамырай күлді.

— Қалай болғанда да бұл жолғы олжаң уысыңа тез түсті.

— Болды, көп сөзді қойыңдар. Іске кірісейік, — деген бір жігіт Темірге жақындап келді де, — Темір, атың өте жақсы екен. Енді үш тапсырмаң қалғанын білесің ғой, иә?

— И-иә. — деді ол дауысы дірілдеп.

— Білсең, ертең мектебіне барғанда бағана өзін жеген шоколад пен қоланы бір досыңа бересің. Тек, есінде болсын, кола мен шоколадты сабақтан кейін, үйге қайтып бара жатқанда «Алматы» дүкенінен аласың. Қайдаң аласың?

— «Алматы» дүкенінен.

— Міне, нағыз көкжал! Ол жерге солай біз айтқан күні бір ғана досыңмен келіп жүретін боласың. Түсіндің бе?

— Түсіндім.

— Бұл тапсырмаларды дұрыс орындасаң, велосипедтен зорын алып береміз. Электросамокат, мопед, қысқасы, бәрі сенде болады. Керек десен, ақша да бар. Ұқтың ба?

— Ұқтым, иә, ұқтым.

— Сен өбден ұғып алу үшін біз саған тағы бір сыйлық дайындап қойдық. Көресің бе?

Ол шарасыз басын изеді. Сол сәтте Еңдік барды да тура кеше өзі компьютерден көрген теледидарды қосып бейнебаияндарды жүгірте бастады. Жасы өзімен шамаласы бар, үлкені, кішісі бар түрлі жағдайдағы ұлдар мен қыздардың фотосуреттері мен видеоларынан Темірдің жаны түршігіп,

қорыққанынан: «Оке», — деп айғайлап жіберді. Жанында отырған жігіт:

— Сенің даусыңды. — деп те үлгерген жоқ, сыртқы есік шалқасынан ашылып, ішке бетін тұмшалаған арнайы жасақ кіріп келді.

— Жат, жатыңдар!

Ешкімнің қозғалуына да мүмкіндік бермеген олар бес жігіт пен бір қыздың қолын қайырып, еденге етпетінен жатқызып тастады.

— Абырой болғанда бәрі сәтімен бітті.

— Иә, бәсеке, осы іс сәтімен біткенше ұйқы ұйқы, күлкі күлкі болмады.

— Тәуекеліне қатты таңқалдым. Осы салада ғұмырым өтіп келе жатса да баласын құрбандық ретінде пайдаланған жанды кездестірмеппін. Жүрегің тас, жүйкең темір екен.

— Сырт көзге солай ғой. Ол арандап қалар ма екен деп жанымды шүберекке түйіп жүрдім. Компьютеріне, сөмкесіне, өзге де заттарына байқалмайтын камера қойғанда да, олар істемей қала ма деп жаным шықты.

— Білем, бәрін білем. Бұған дейін өлген балаларды қайта тірілте алмаймыз, дегенмен талай рет қапы қалдырып әбден діңкелеткен осы топ арқылы бала сауласымен, мектептердегі наркотик саудасымен, кәме-леттік жасқа толмағандарды зорлау, өлімге мәжбүр ету ісімен айналысып жүрген бірнеше сыбайлас қылмыскерлер қолға түсті.

— Осымен токтаса ғой.

— Мен осы салада жұмыс істегелі талай жантүршігерлік қылмысқа куә болдым. Кәнігі ізкесушілер, небір детективтер «Қолға түсіру барысында қарсылық

көрсетті» дегенді желеу қылып шектен шыққан кейбір қанішерлерді өлтіріп жіберді. Қылмыс сонда да тоқтаған емес. Жер бетінен адам жойылып кеткенше тоқтама-сы анық.

— Оныңыз да рас.

— Кой, мен сенің уақытыңды алмайын.

Демалысында не істемек ойың бар?

— Отбасымды алып көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа тартып кетсем бе деймін. Оның үстіне, балам да қатты шошынып қалды. Сергісін, бәрін ұмытып келсін.

— Өте дұрыс. Тек, тым шығандап кетпе. Сен бізге керексің! Болашақта балаңнан да мықты ізкесуші шыққалы тұр, тұқ сыр бермеді.

— Көп рақмет, бәсеке!

Оқиға қалай басталып еді.

Ол жұмысынан әдеттегіден ерте келді. Алтыншы сыныпқа көшкен ұлы компьютерде отыр екен. Ойынға бар ұлымен кіріп кеткені сонша, мұның келгенін байқаған да жоқ. Жуынатын бөлмеге кіріп, ваннаға су толтырды. Сосын терезеден секіріп кеткен он жастағы ұл баланы ойлады. «Менің ұлымнан бір жас қана кіші екен». «Ал оның алдындағы қыз ше, құдай-ау, ол мүлде өрімдей ғой». Осы оймен жүріп ол киімін киді, тоңазытқыштан сусын алып ішті. Содан кейін ғана ұлының есігін қақты.

— Әке, сен неге ерте келгенсің?

Әкесі әл орынынан тұра қоймаған ұлының жанына келіп жайғасты. Мейірлене басынан сыйпады.

— Ұлым, сен он бірге келдің. Үлкен жігіт болдың. Солай ма?

— Солай, солай. Болды, баршы. Менің уақытымыды алып жатырсың.

— Жарайды, уақытыңды алмайын. Тек маған бір көмегің керек болып тұр. Соны істесең, мен жайыма кетем.

— Ол не? Не істеуім керек?

— Бұл — тек жігіттердің жұмысы. Бірін-шіден, мұны екеуміз ғана білуіміз қажет. Анаңа да, достарыңа да, ешкімге ештеңе айтпайсың!

— Келістік! Ал енді айт, не істеуім керек?

— Алдымен ойыныңнан шық та интернетке кір. Сосын мынаны тер.

Ол қалтасынан бүктелген қағазды алды да баласының алдына қойды.

— «Құтқаршы мені». Бұл не, ойын ба?

— Иә, ойын, балам, ойын. Енді осыған тіркелу керек.

— «Сенің атың кім?» — дейді.

— Жаза ғой.

Баласы атын, мекенжайын, оқитын мектебін, сыныбын, телефон нөмірін жазып шықты.

— Үйіңде жалғызсың ба? Жалғыз болсаң, бейнебайланысқа шық», — дейді.

— Шыға ғой. Компьютердің дауысын көтеріп қой. Не сұраса да шынайы жауап бер, не істе десе де істе. Қорықпа, мен сенің жанындамын. Тек, менің бар екенімді білдірме. Ал кіріс, балам.

Әкесі компьютер столының астына жасырынды да, баласы тікелей байланысқа шықты.

Қаһағат ӘБІЛҚАЙЫР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665

Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
------------------------	---------------------------------------